[20] https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/sanktsionnoe-protivostoyanie-evropyi-rossii-nikomu-prinosit-265762/.

Д. Ә. Құрманов

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан

КЕДЕН ОДАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДСҰ-НА КІРУІНЕ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аннотация. Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы құраған Кеден Одағының потенциалына, сонымен қатар аталған мемлекеттердің бірыңғай экономикалық кеңістігінің іске қосылуына қарамастан Қазақстанның ұлттық экономикасының және халық әлауатының жаһандану кезеңіндегі позитивтік трендтегі өсуінің қамтамасыз етілуі тек дүниежүзілік тауар мен қызмет нарығымен белсенді қарым-қатынасқа бағытталған мемлекеттің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі арқылы мүмкін. Осылайша, мақала авторы Кедендік Одақ Қазақстанның ДСҰ-на кіруіне басты негізі ретіндегі гипотезасын құптайды.

«Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайту» талабы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында көрсетілген [1]. Өз кезегінде, Беларусь, Қазақстан және Ресей Кеден одағының құрылтай құжаттыңда – 1999 жылғы 26 ақпандағы «Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы» Келісім – анық «Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуға Тараптардың ниеті» жазылған [2], ал кейінірек, «көпжақты сауда жүйесінің шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы» Шарт тағы бір рет «қосылу үйлестірілген жағдайларына Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу ерте Тараптардың ниетін» растады.

Түйін сөздер: кеден одақтар, Еуразиялық экономикалық комиссия, Дүниежүзілік сауда ұйымы, интеграциялық процестер, келісілген әрекеттер, ұйымдық шешім.

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 233 – 240

M. O. NassimovUniversity «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan.
E-mail: nasimov_m@mail.ru**POLITICAL FORECASTING: ESSENCE AND METHODS**

Abstract. Social and political life of any country can not develop without its prediction. As practice shows, the higher and better the level of forecasts development, the more efficient the planning of the political development of society and its management. Without the ability to foresee the course of research and development of political processes is not possible to ensure the stability and functioning of the political system, to contribute to its internal and external changes.

In order to provide answers to difficult questions, it requires continuous learning and prediction of the political situation, analytical anticipation of progress in its development. The researchers and analysts need to have scientifically researched and validate a prognostic aid.

In this scientific article the essence and methods of political forecasting is considered. The author divides all forecasting methods on intuitive and formal methods. The intuitive method the types of interview techniques, policy briefs, scenario method, questioning, brainstorming and Delphi are analyzed. In turn, formal methods comprise interpolation and extrapolation, mathematical modeling, probability theory, mathematical statistics, system-structural and associative techniques.

Keywords: social and political development, basic methods of political forecasting, intuitive and formal forecasting methods, the nature of forecasting, management.

ӨОЖ 32.019.52

М. Ө. Насимов

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан.

САЯСИ БОЛЖАМ: МӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Кез келген мемлекеттің қоғамдық және саяси өмірі оны болжаусыз дами алмайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, болжам әзірлемелерінің деңгейі жоғары және сапалы болған сайын қоғамның және оны басқарудың саяси дамуын жоспарлау шынайы, тиімді және нәтижелі болады. Саяси процестердің дамуындағы ғылыми болжауды игермей, саяси жүйенің дамуы мен қызметіндегі тұрақтылықты, оның сыртқы және ішкі өзгерістерін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Күрделі сауалдарға жауаптар беру үшін саяси ахуалды үздіксіз зерттеуге және болжауға, оның даму жолдарын анықтауға сараптамалық мәлімдемелер дайындалуы қажет. Бұл мақсатта зерттеушілер мен сарапшылар ғылыми әзірленген және негізделген болжам аппараттарының құралдарын игерулері қажет.

Ғылыми мақалада саяси болжамның мәні мен әдістері қарастырылады. Мақала авторы болжамның барлық әдістерін интуициялық және нысандандырылған деп бөледі. Интуициялық әдістер арасынан сұхбат, сараптамалық баяндамалар, сценарийлер жазу, сауалнама жүргізу, ақылдылар сарабы мен Дельфи тәсілдері қарастырылады. Өз кезегінде нысандандырылған әдістер арасынан интерполяция және экстраполяция, математикалық модельдеу, ықтималдық теориялар, математикалық статистика, жүйелік-құрылымдық және ұқсастық әдістері айқындалады.

Түйін сөздер: әлеуметтік-саяси даму, саяси болжамның негізгі әдістері, болжамның интуициялық және нысандандырылған әдістері, болжам табиғаты, басқару.

Кіріспе. Бүгінде саяси болжам жас ғылым әрі пән саласы ретінде академиялық ізденістермен қатар, қоғамның барлық салаларында қызығушылық туындатып отыр. Оның қажеттілігі саяси қатынастар, үрдістер мен қимылдар секілді саясаттың құрамдас бөліктерінің серпінді дамуымен тығыз байланысты. Басқарудың кез келген субъектісі саяси жүйенің тұрақты қызметін қалайды және ол ішкі процестер қарқындылығын танытады. Қоғамды сауатты және рационалды басқаруда саяси дамудың танымал заңдылықтары мен үрдістерін қолданатын болжаудың маңыздылығы жоғары.

Дұрыс және сенімді болжам арқылы әлеуметтік-саяси дамудың басымдықтары айқындалып, көреген саяси қимылдар жүргізіледі. Осыған сәйкес саяси болжам мәселелері, оның теориялық-әдістемелік қағидалары мен құралдарына сүйенген саясаттағы болжамдарды әзірлеу өзекті саналады.

Ғылыми негізделген болжамдарға ие саяси органдар ахуал барысы, қажетсіз жағдайларға уақытылы мән беру, басқару мен бақылау тиімділігін арттыру секілді мүмкіндіктерге ие. Әрине, ықтимал жағдайларды болжау үшін көптеген шараларға баруы керек. Өйткені, саяси басқарудың субъектісі әрдайым өз саяси әрекеттерінің ықтимал мүмкіндіктерін болжаммен қарауға міндетті.

Саяси болжау алда болатын саяси құбылыстар мен оқиғаларды анықтаудың ғана құралы емес. Ол саяси үдерістер, бұқаралық сана мен мінез-құлықты басқарудың маңызды құралы болып табылады. Саясаттағы болжам тек саяси оқиғаны жорамалдап қана қоймай, ол жағдайдың орын алуы немесе алдын алуға ықпал жасайды. Саяси болжамның әдістемелік мәселелерін зерттеу болжау шынайылығының деңгейін жоғарылатады. Сәйкесінше, бұл жағдай саяси жүйе мен қоғамның дамуын басқаруды ілгері жылжытады.

Осы зерттеу жұмысының ғылыми нысанына айналып отырған түсінікті Батыс ғалымдары арасында өткен ғасырдан бастап Дж.В. Чапман (J.W. Chapman) [1], Д.В. Бун (D.W. Bunn), М.М. Мустафаоглы (M.M. Mustafaoglu) [2], Д.А. Сильван (D.A. Sylvan), С.Дж. Торсон (S.J. Thorson) [3], Г. Райс (G. Rice) [4], У. Ашер (W. Ascher), У.Х. Оверхолт (W.H. Overholt) [5], Г. Райс (G. Rice), Е. Махмуд (E. Mahmoud) [6] қарастырып келеді. Тақырып бойынша соңғы жылдары жарық көрген Б. Арва (B. Arva), Дж. Бейлер (J. Beiler), Б. Фишер (B. Fisher), Г. Лара (G. Lara), Ф.А. Шродт (P.A. Schrodtt), В. Сонг (W. Song), М. Совелл (M. Sowell), С. Стехл (S. Stehle) [7], А. Гринспан (A. Greenspan) [8], К.А. Кларк (K.A. Clarke), Д.М. Примо (D.M. Primo) [9] еңбектерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Бір таңқаларлығы, Батыс ғалымдары электр-ралдық кезеңдегі ахуалды болжауға арналған ғылыми еңбектерге көп мән берген. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты саяси болжам түсіні болғандықтан, бұл еңбектерге назар аударылмады.

Ресейлік авторлар қатарынан В.В. Гушин [10], А. Панарин [11], О.В. Попова [12], С. Туронок [13] еңбектері ерекше атап өтуімізге болады.

Қазақстандық саяси ғылымдарда берілген сала бойынша Р. Әбсаттаров [14], М.Б. Тілеубекованың [15], [16] еңбектері маңызды деп ойлаймыз.

Әдіснама. Зерттеу жұмысының нысаны – саяси болжам болып табылады. Зерттеу пәніне саяси болжамның мәні мен әдістері жатады. Зерттеу жұмысының мақсаты – саяси болжамның мәні мен әдістеріне сипаттама беру болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу отандық, ресейлік және шет елдік ғалымдар зерттеулерлерінің теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Саяси ғылымдардың теориялық зерттеулері, жүйелік тәсіл мен жиынтықтау әдістері зерттеудің әдістемелік негізі болып табылады. Зерттеу жұмысының эмпирикалық қорын шет елдік және отандық ғалымдардың саяси болжамды зерттеу мәселесіне байланысты еңбектер құрайды.

Нәтижелер мен талқылау. Баршамызға мәлім, жорамалдаудың қоғамдық табиғаты ғылыми болжаумен тығыз байланысты және оның алғышарттары болып гипотезалар, заңдар, теориялар саналады. Ғылыми болжам келешек туралы дәл және толық ақпарат бере алмайтындығын мойындауымыз қажет. Мұқият ойластырылған болжамның өзі белгілі бір шынайылық дәрежесін иелену мүмкін. Ғылыми жорамал ықтималдылыққа сүйенгендіктен, оның шынайылық дәрежесі төмендегідей себептермен байланысты: болжануы тиіс оқиға, құбылыс пен үдеріс арасындағы мерзім; зерттелу нысанының заңдылықтары, дәстүрлері, ерекшеліктерін толыққанды білу; болжануға тиісті мәселе және оның құрамдас бөліктерінің құбылмалы өзгерістерін алдын алу.

Өз кезегінде, болжамның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени үдерістер мен құбылыстарды ғылыми сараптау, орын алған ахуалды бағалау және дамудың басты мәселелерін айқындау; аталмыш үрдістердің болашақтағы жағдайын бағалау, шешуді талап ететін жаңа мәселелерді анықтау; дамуға байланысты баламалы мүмкіндіктерді әзірлеу.

Әлеуметтік-саяси, экономикалық өмірде болжам төмендегідей маңызды қызметтер атқарады: әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани, ғылыми-техникалық үдерістерді ғылыми талдау; әлеуметтік-экономикалық және саяси құбылыстар мен үдерістер арасындағы өзара байланыстарды зерттеу; болжау нысанын бағалау; экономикалық және әлеуметтік дамудың баламалы жолдарын айқындау; нақты шешімдер қабылдаудың негізделген ғылыми материалдарын жиынтықтау.

Саяси жағдай өздігінен орын алмайтындығы баршамызға белгілі. Әрбір ахуалдың негізінде адамзат қызметінің салдары жатыр. Бұл болжам шеңберінде объективті және субъективті белгілерінің орын алуымен байланысты. Сондықтан саяси өмір келешекке болжаммен қарауды талап етеді. Өйткені, саясаттағы болжамдау саяси шешімдер қабылдауда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, болжау басқарудың маңызды қызметін атқаратындығын ескергеніміз жөн.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Р.Б. Әбсаттаровтың пайымдауынша: «Саяси болжам, жалпы болжам ретінде білімнің барынша қиын берілетін түрі. Бұл осы білімнің нысаны, әдеттегідей, әзірге орын алмаған оқиға немесе құбылыс болып табылатындығымен байланысты. Орын алған құбылысты, оқиғаны немесе үдерісті сипаттау мен түсіндіру анағұрлым оңай екендігі әбден түсінікті де. Өйткені, біріншіден орын алған оқиғаның орны бар және ол белгілі бір формада, өзіне тән мазмұнда көріне береді, екіншіден бұл орын алған оқиғаға дамудың белгілі бір бағыты берілген.

Алда не болатындығын және білмейтін саладан не келетіндігіне қатысты айтар болсақ, оның не өзіндік формасы, не өзіндік мазмұны жоқ, бұл орын алмаған оқиғаның абстракциясы өзінің дамуында көп нұсқалығы мен баламалылығының алуан түрлігімен біздің алдымыздан шығып тұрады» [17].

Саяси болжам көптеген әдістер мен тәсілдерді қолданады. Зерттеу жұмысында саяси болжамның негізгі әдістеріне тоқталсақ. Жалпы саяси болжамның барлық әдістері **интуициялық** және **нысандандырылған** болып бөлінеді.

Интуициялық әдіс көп жағдайда саяси нысанның факторларына сараптамалық талдау көмегі азайып, болжам күрделенген сайын қолданылады. Мұндай жағдайда мамандар сарапшылар сұрауларына жүгінеді. Жеке және ұжымдық сарапшылар бағалауынан алынған нәтижелер соңғы болжам болып табылады және болжаудың кешенді жүйесін құрады.

Жеке сарапшылар бағамы тобына сұхбат әдісі, сараптамалық баяндамалар, сценарийлер жазу әдісі жатады. Ұжымдық сарапшылар бағалауында сауалнамалар, ақылдылар сарабы тәсілдері қолданылады. Бұл топ арасына Дельфи әдісін ерекшелеп айта аламыз.

Сұхбат әдісі. Әдіс алдын ала дайындалған жоспар бойынша психологиялық коммуникация тәсілін қолданған сарапшы мен субъект арасында жүзеге асады. Сұхбаттасу барысында сарапшы жауап берушіге сауал қойып, белсенді екі жақты әңгімелесу жүргізілмейді, пікірлеріне қатысты ойларын, бағасын жарияламайды. Ұйымдастырушы міндетіне сұралушы жауаптары мазмұнына ықпал ету және әңгімелесудің жағымды ахуалын қамтамасыз ету жатады. Сұхбат жүргізудің мақсаты зерттеу міндеттеріне сәйкес сауалдарға жауаптарды талдау болып табылады.

Зерттеулер кезеңдеріне байланысты бөлінеді: алдын ала жүргізілетін сұхбат (алғашқы зерттеу сатысында қолданылады); негізгі сұхбат (негізгі мәліметтерді жинау сатысында пайдаланылады); бақылау үшін жүргізілетін сұхбат (талас тудырған нәтижелерді тексеру және мәліметтерді толықтыруда пайдаланылады). Сұхбат жүргізу жеке, топтар арасында немесе бұқара арасында жаппай формаларда жүргізілуі мүмкін.

Сараптамалық баяндамалар әдісі. Кез келген зерттеулердің жиынтықталған материалдарын құрайтын құжат болып табылады. Зерттеу жұмысында тұжырымдаманың мәселесі баяндалып, қорытындылар айқындалады. Құжаттың құрылымы мен көлеміне байланысты қатып қалған талаптар жоқ. Құрылымының негізгі нұсқалары мынадай бөліктерден тұруы мүмкін:

- аннотация (құжатта мәселенің мазмұндық мәні айтылады, пайда болуының себептері мен салдары көрсетіледі, нысанның мақсаты мен міндеттері айқындалады, алынған нәтижелерде

қолданылған зерттеу әдістері негізделеді. Түйіндемеде пайдаланылған ақпарат көздері туралы айтылады);

- мазмұны (құжаттың барлық құрылымдық атаулары көрсетіледі);

- кіріспе (мәселенің қойылуы және әдіснамалық қағидаларына сипаттама беріледі. Ақпаратты өңдеу бойынша қолданылған әдістеме түсіндіріледі);

- негізгі бөлім (зерттеу мәні ашылады. Логикалық реттілікпен кезеңдік талдау және жиынтықтау нәтижелері анықталады. Гипотезалар, нәтиже нұсқалары және оны негіздеу тараулар мен тараушалардан тұрады);

- қорытынды (кез келген сараптамалық баяндаманың соңында қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар беріледі);

- қосымша (түрлі кесте, шартты белгілер, глоссарий, құжаттың негізгі бөлімін толықтыратын ақпараттар. Пайдаланылған дерек көздері мен әдебиеттер қажеттілігіне және басшылық талабына сәйкес беріледі).

Байқап отырғанымыздай, сараптамалық баяндамалар талаптары ғылыми журналдар қоятын ережелерге сәйкес келеді. Сондықтан ғылыми мақала мен сараптамалық баяндама бірдей қызмет атқарады.

Сценарийлер жазу әдісі. Ұзақмерзімді жоспарлау мен болжам жасауда негізгі тәсілдер ретінде сценарийлер жазу әдісі қолданылады. Сценарлы жоспарлаудың негізгі құралы болып сценарлы талдау саналады. Бұл әдіс тәртіпсіз ортадағы жоғары беймәлім деңгейдегі үдерістерді стратегиялық тұрғыдан басқару кезеңінде пайдаланылады. Американдық ғалым Д.А. Аакердің пікірінше: «Сценарийлер – бұл бір біріне ықпал жасайтын күрделі ортадағы үдерістер мен оқиғаларды талдау тәсілі» [18].

Сценарлы талдауды жүргізудің заманауи әдістері мынадай тәсілдерге сүйенеді: ішкі ортаны талдау (ықпал жасайтын факторларды айқындау және зерттеу, мезгілдік шеңберін анықтау; ішкі ортаның белгісіздік және ауытқушылық деңгейін дұрыс түсіну үшін өтіп кеткен үдерістерді сараптау) [19]; сценарийлерді әзірлеу (талдаудың ең ұзақ және шығармашылықты талап ететін кезең. Кезеңдер мынадай сатылардан тұрады: айнымалы өзгерістерді таңдау; сценарийлердің түрлі қорытындыларын жобалау; маңызды айнымалы өзгерістерді құрамдастыру және сценарийлер жазу); құрылған сценарийлерге сәйкес стратегияларды әзірлеу (сценарийлер таңдауға байланысты негізгі тәсілдер: дамудың ықтимал сценарийлерін ұстану; ең жақсы сценарийді ұстану; келісімге бару, икемділікті сақтау, сценарий қорытындыларына ықпал жасау) [20].

Сауалнама жүргізу әдісі. Сауалнама сұрау салудың негізгі құралы болып табылады және зерттеу жұмысы жүргізіп отырған міндеттермен тығыз байланысты құрылымдық-ұйымдастырушылық сауалдардан тұратын әлеуметтанулық құжат болып табылады. Сауалнама пікірлерді зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдісі ретінде кез келген сұрақтарға еркін жауап беру жолдары және сауалнамадағы дайын жауаптарды таңдау мүмкіндіктерін жасайды. Нәтиже қорытындылары зерттеліп отырған нысанның сипаттамалық белгілерін анықтаудың негізгі ақпараты саналады.

Сауалнама әзірлеу бірнеше кезеңдерден өтеді: 1) сауалнама мазмұнын анықтау. Зерттеудің негізгі гипотезаларын ғылыми тілден, ауызекі сөзге айналдыру; 2) қажетті сауалдар түрін таңдау (ашық-жабық, негізгі-қызметтік); 3) қойылатын сұрақтар саны мен реттілігін анықтау.

Бүгінгі таңда сауалнаманы бетбе-бет жүргізумен қатар, телефон, онлайн арқылы жүргізу қарқынды дамуда. Кез келген сауалнаманы тиімді жүргізу үшін мынадай қадамдар жасалады: мәселені тұжырымдау және міндеттерді айқындау; респонденттерді таңдау; сауалнама сұрақтарын қалыптастыру; респондентпен әңгімелесу сценарийін әзірлеу; сауалнаманың жүргізілуі; мәліметтерді өңдеу және тексеру; есепті әзірлеу және қорытындыларын жасау.

Ақылдылар сарабы әдісі. Бұл тәсіл шығармашылық белсенділікті ынталандырып, талқылау қатысушыларына шешімді шығару бойынша бірнеше нұсқаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Кейін айтылған идеялар арасындағы сәтті тұжырымдар таңдалып, тәжірибеде қолдануға ұсыныс жасалады.

Дұрыс ұйымдастырылған ақылдылар сарабы үш негізгі кезеңнен өтеді: мәселенің қойылуы; идеялар іздестіру, тудыру; идеяларды топтау, таңдау және бағалау. Шара барысында көп жағдайда

екі топ құрылады: міндетті шешуге жаңа нұсқаларды ұсынатын қатысушылар; ұсынылған шешімдерді өңдейтін сарапшылар.

Ресей ғалымы П.А. Стариков әдістің мынадай басымдықтарын атап көрсетеді: білімі мен тәжірибесінің бір бірінен айырмашылығы бар, болашақ туралы көзқарастары әр түрлі мамандардың бірлескен қызметі сапалы нәтиже береді; жаңа тұжырымдамалар, көріністер басымдығы мен қызықты үйлесімділік адамзат тәжірибесі саласының түрлі пәндері түйіскен тұста пайда болады; игілікті жағдай қатысушылардың мәселеге сыни және шығармашылық көзқараспен қарап, онтайлы күй мен сенімділікті күшейтеді [21].

Дельфи әдісі. Сарапшылық бағалаудың түрі болып табылатын бұл әдістің ерекшелігі: көп деңгейлілігі; сарапшылар жасырындылығы; әрбір сарапшының жеке тәуелсіз бағасы; топтық жауаптың статистикалық сипаттамасы. Саяси ахуалға байланысты тәжірибелі сарапшылардың жеке бағалауын сауатты түрде жиынтықтау, өңдеу арқылы шынайы және дәйекті ұжымдық пікірлер қалыптастыруға болады.

Сұрау салу, сұхбат алу, ақылдылар сарабы көмегімен жүретін әдіс дұрыс шешім қабылданған жағдайда ғана қажетті келісімге келеді. Дельфи әдісі көмегімен жүретін талдау бірнеше кезеңдерде өтіп, нәтижелері статистикалық тәсілдермен өңделеді.

Әдістің негізгі қағидасы сараптама жұмысына бірін бірі танымайтын сарапшылардың пікірлерін салыстырмалы тұрғыдан талдау болып табылады. Сарапшылар арасында өзара байланыстардың болмауына байланысты қарама-қарсы ұстанымдағы азаматтар арасында ашық түсініспеушіліктер орын алмайды. Әдіс субъектілеріне әрқайсысы жеке жазбаша түрде жауап беретін зерттеушілер тобы мен сарапшылар пікірлерін біріктіретін ұйымдастырушылық топ жатады,

Саяси болжамның *нысандандырылған әдісі* болжаудың математикалық теориялары құралдары арқылы жүзеге асады және болжамның шынайылығы мен дәлдігін жоғарылатуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, қорытындының орындалу мерзімін айтарлықтай қысқартады, нәтижелер туралы ақпарат пен бағалаудың өңдеу жұмыстарын жеңілдетеді. Бұл әдістің құрамына интерполяция және экстраполяция, математикалық модельдеу, ықтималдық теориялар мен математикалық статистика әдістері енеді. Нысандандырылған әдістердің жалпы шаралар қағидаларын мынадай топтарға бөліп қарастыруымызға болады: жүйелік-құрылымдық және ұқсастық әдістер. Жүйелік-құрылымдық әдіс қызметтік-иерархиялық модельдеу, морфологиялық талдау, құрылымдық үйлесімділік әдістеріне сүйенеді. Ұқсастық әдістері көп жағдайда тарихи-логикалық талдауға баса назар аударады.

Интерполяция және экстраполяция әдісі. Нақты ғылымдарда интерполяция және экстраполяция терминдері жиі қолданылады. Интерполяция латынның «*interpolatio*» - өзгеріс, жаңарту деген мағына береді. Әдіс барысында логикалық немесе статистикалық мәліметтерді қолдану арқылы өзгермелі құбылыстар айқындалады. Экстраполяция латынның «*extra*» - асыра, «*rolis*» - өзгертемін деген сөздерінен шыққан. Болжамның нақты пәні немесе құбылысқа бағытталушы логикалық тәртібі болып саналады.

Дамудың интерполяциясы мен экстраполяциясын анықтау жұмыстарын түрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Қарапайым тәсілдеріне орташа шексіз өсім (тұрақты тізбекті шексіз өсім арқылы) мен орташа даму шамасы (тұрақты даму екпіні арқылы) сипаттамасын зерттеу болып табылады.

Математикалық модельдеу әдісі. Тәжірибелік міндеттерді математикалық әдіспен шешу мақсатты негіздеу, әдісті таңдау және алынған нәтижелерін талдау арқылы бірізді жолмен жүреді. Нысан мен құбылысты сипаттау үздіксіз немесе дискретті, детерминацияланған немесе стохастикалық секілді математикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Әдістің өзі төмендегідей бірнеше модельдерге сүйенеді: гипотезалық (құбылысты сынамалы сипаттау арқылы зерттеуші оның растығына сенеді, немесе ақиқат екендігін мойындайды), феноменологиялық (уақытша шешімдер мәртебесіне ие және құбылысты сипаттау тетіктерін қолданады), жуықтау (теңгерімді теңестіру арқылы жүзеге асады), оңайтылған (нәтижеге ықпалы жоқ бөлшектерді зерттеу нысанынан алу), эвристикалық (ақиқаттың сапалық белгілерін сақтайды және болжамның көлемдік реттілігі бойынша жүргізіледі), үйлестік (кейбір ерекшеліктері ескеріледі), ойдағы тәжірибе (мүмкіндікті теріске шығару басты мәселе саналады), мүмкіндіктерді көрсету (мүмкіндіктің ішкі қайшылықсыздығын таныту).

Ықтималдық теориясы мен математикалық статистика әдісі. Теория кездейсоқ құбылыстар заңдылықтарын зерттеумен айналысады. Тәжірибе мен бақылау құбылыстардың сынамасы болып табылады және оның нәтижесі тұрақсыздықты айқындайды.

Жалпы ықтималдық теориясы кез келген оқиға мен құбылыстың математикалық заңдылықтарын зерттейді және математикалық статистиканың теориялық негізі болып табылады. Ықтималдық теориясының міндеті нысанның ықтималдылықтар мен сандық сипаттамалық белгілерін (математикалық болжам, дисперсия және т.б.) табу, тапсырыс берушіге нәтиженің қызметтік және жиілігіне қарай тапсырманы үйлестіру болып табылса, математикалық статистика міндетіне бақылауда айқындалған нәтижелерге байланысты мәліметтерді тарату жатады. Демек, математика бөлімі болып табылатын математикалық статистика мәліметтерді жинау, жүйелендіру, өңдеу арқылы ғылыми негізделген қорытындылар және оның негізінде шешім қабылдау әдістерін зерттейді.

Жүйелік-құрылымдық әдісі. Заманауи саяси ғылымдарда көп жағдайда жүйелік тәсіл деп аталатын жүйелік-құрылымдық әдістің орны ерекше. Жүйелік әдіс нысанның құрылымы мен оның бөлшектерінің орнын басты назарда ұстайды. Бұл әдіс заңдылықтарға сәйкес нысанның жеке бөлшектерінің маңызды сипаттамалық белгілерін айқындайды және осы нәтижелері арқылы жалпы көрінісін дәйектейді.

Бұл үшін мынадай негізгі қимылдар жасалады: тұтастық ұғымы зерттеліп, бөлшектің құрылымдық белгілері нақтыланады; нысан өзегін құратын құрылымның бірігу заңдылықтары зерттеледі; жүйенің құрылымдық-қызметтік ерекшеліктерін зерттеу; жүйенің тегі, оның шегі мен басқа жүйелермен байланыстарын айқындау.

Ұқсастық әдісі. Бұл әдіс шығармашылық ойлау қабілетінің белсенділігін арттырып, сөздер мағынасын сараптауға назар аударады. Жаңа идеялар туындауы үшін кездейсоқ сөздердің түсіндірмесі мен теңеулері негізгі дерек көзі болып табылады. Аталмыш әдісте тізімдемелер, нысанды бөлшектеу, кездейсоқтар мен түсіндірмелер әр түрлілігі тәсілдері кеңінен қолданылады.

Зерттеу жұмысы барысында вербальды ұқсастықтар (еркін нысан, бағытталған нысан, дербес нысан), вербальды емес ұқсастықтар (сөздер, суреттер, коллаждар), оқиғалық ұқсастықтар, тұлғалық ұқсастықтар мен BrandSight Gallery, Needscope әдістері пайдаланылады. Сонымен қатар, тарихи және ақпараттық оқиғаларды талдауға бағытталған сараптамалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс нәтижелері қоғам тарихи сабақ алған оқиғаларды қайталамауға ұсыныстар береді.

Қорытынды. Бір мақала шеңберінде саяси болжамның мәні мен әдістерін ашу мүмкін емес. Зерттеу тақырыбына байланысты көптеген ғылыми жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалады. Бұл зерттеулер саяси болжаммен айналысатын сала мамандарына көп көмегін беретіндігіне сенімдіміз.

Қазіргі заманғы әдебиеттерді сараптай келе, ұғымның мәні мен әдістерін зерттеу эмпирикалық жағынан күрделіліктер туындатады. Айқындалғандай, саяси болжам әдістерін қолдануға байланысты ғалымдар арасында нақты ұсыныстар жоқ.

Ғылыми-зерттеу жұмысы көрсеткендей, саяси болжам әдістері өзара байланысты және бір-бірінің кемшілігін толтырып отырады. Саяси болжамдаудың барлық әдістерін кешенді түрде пайдалану арқылы зерттеліп отырған саяси нысанды жүйелі әрі жан-жақты талдауға болады және оның келешектегі ахуалы туралы дәл және шынайы болжам аламыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Chapman J.W. Political Forecasting and Strategic Planning // International Studies Quarterly. - 1971. - Vol. 15, Issue 3. - pp. 317-357.

[2] Bunn D.W., Mustafaoglu M.M. Forecasting Political Risk // Management Science. - 1978. - Vol. 24, Issue 15. - pp. 1557-1567.

[3] Sylvan D.A., Thorson S.J. Choosing Appropriate Techniques for Socio-Political Forecasting // Policy Sciences. - 1980. - Vol. 12, Issue 3. - pp. 265-282.

[4] Rice G. Strategic Planning and Forecasting Political Risk and Economic Opportunity // Strategic Management Journal. - 1986. - Vol. 7, Issue 1. - pp. 97-98.

[5] Ascher W., Overholt W.H. Strategic Planning and Forecasting: Political Risk and Economic Opportunity. - 1st Edition. Wiley-Interscience, 1983. - 311 p.

[6] Rice G., Mahmoud E. A Managerial Procedure for Political Risk Forecasting // Management International Review. - 1986. - Vol. 26, Issue 4. - pp. 12-21.

[7] Arva B., Beieler J., Fisher B., Lara G., Schrodt P.A., Song W., Sowell M., Stehle S. Improving Forecasts of International Events of Interest. - The Pennsylvania State University, 2013. - 59 p.

- [8] Greenspan A. *The Map and the Territory: Risk, Human Nature, and the Future of Forecasting* Hardcover. - Penguin Press, 2013. – 400 p.
- [9] Clarke K.A., Primo D.M. *Modernizing Political Science: A Model-Based Approach // Perspectives on Politics*. – 2007. – Volume 5, Issue 4. – pp. 741-753.
- [10] Гушин В.В. Умение предвидеть. Как этому научиться. Практическая методика научного прогнозирования политических процессов. – М.: Ленанд, 2015. – 456 с.
- [11] Панарин А. *Глобальное политическое прогнозирование*. – М.: Алгоритм, 2002. – 352 с.
- [12] Попова О.В. *Политический анализ и прогнозирование*. – М.: Аспект Пресс, 2011. – 464 с.
- [13] Туронок С. *Политический анализ и прогнозирование*. – М.: Юрайт, 2016. – 291 с.
- [14] Әбсәттаров Р.Б. Саяси болжамдаудың өзекті проблемалары // *Ақиқат*. - 2009. - № 9. - 13-19 бб.; № 10. - 24-29 бб.
- [15] Тлеубекова М.Б. Роль политического прогнозирования в современных политических процессах // *Саясат*. – 2010. - №5. - С. 71-74.
- [16] Тлеубекова М.Б. Теоретико-методологические основы исследования политического прогнозирования // *Евразийское сообщество: общество, политика, культура*. – 2010. - №2. - С. 155-160.
- [17] Әбсәттаров Р.Б. Саяси болжамдаудың әдістері және саяси болжамдағы қателіктерді шешу // *Экономика*. – 2014. – 7 тамыз.
- [18] Аакер Д.А. *Стратегическое рыночное управление*. - СПб: Питер, 2002. - С. 182-189.
- [19] Schoemaker P.J.H. *Multiple Scenario Development: its conceptual and behavioral foundation // Strategic Management Journal*. - 1993. - Vol. 14. - № 3. - pp. 193-213.
- [20] Porter M. *Competitive advantage: creating and sustaining superior performance (with a new introduction)*. - New York: Free Press, 1998. - pp. 15-18.
- [21] Стариков П.А. *Пиковые переживания и технологии творчества*. - Красноярск, 2011. - С. 75.

REFERENCES

- [1] Chapman J.W. *Political Forecasting and Strategic Planning. International Studies Quarterly*, **1971**, Vol. 15, Issue 3, 317-357 (in Eng.).
- [2] Bunn D.W., Mustafaoglu M.M. *Forecasting Political Risk. Management Science*, **1978**, Vol. 24, Issue 15, 1557-1567 (in Eng.).
- [3] Sylvan D.A., Thorson S.J. *Choosing Appropriate Techniques for Socio-Political Forecasting. Policy Sciences*, **1980**, Vol. 12, Issue 3, 265-282 (in Eng.).
- [4] Rice G. *Strategic Planning and Forecasting Political Risk and Economic Opportunity. Strategic Management Journal*, **1986**, Vol. 7, Issue 1, 97-98 (in Eng.).
- [5] Ascher W., Overholt W.H. *Strategic Planning and Forecasting: Political Risk and Economic Opportunity*. 1st Edition. Wiley-Interscience, **1983**. 311 p. (in Eng.).
- [6] Rice G., Mahmoud E. *A Managerial Procedure for Political Risk Forecasting. Management International Review*, **1986**, Vol. 26, Issue 4, 12-21 (in Eng.).
- [7] Arva B., Beieler J., Fisher B., Lara G., Schrod P.A., Song W., Sowell M., Stehle S. *Improving Forecasts of International Events of Interest. The Pennsylvania State University*, **2013**. 59 p. (in Eng.).
- [8] Greenspan A. *The Map and the Territory: Risk, Human Nature, and the Future of Forecasting* Hardcover. Penguin Press, **2013**. – 400 p. (in Eng.).
- [9] Clarke K.A., Primo D.M. *Modernizing Political Science: A Model-Based Approach. Perspectives on Politics*, **2007**, Volume 5, Issue 4, 741-753 (in Eng.).
- [10] Gushhin V.V. *Umenie predvidet'. Kak jetomu nauchit'sja. Prakticheskaja metodika nauchnogo prognozirovaniya politicheskikh processov*. M.: Lenand, **2015**. 456 p. (in Russ.).
- [11] Panarin A. *Global'noe politicheskoe prognozirovanie*. M.: Algoritm, **2002**. 352 p. (in Russ.).
- [12] Popova O.V. *Politicheskij analiz i prognozirovanie*. M.: Aspekt Press, **2011**. 464 p. (in Russ.).
- [13] Turonok S. *Politicheskij analiz i prognozirovanie*. M.: Jurajt, **2016**. 291 p. (in Russ.).
- [14] Absattarov R.B. *Sajasi bolzhamdaudyn ozekti problemalary. Akikat*, **2009**, 9, 13-19.; 10, 24-29 (in Kaz.).
- [15] Tleubekova M.B. *Rol' politicheskogo prognozirovaniya v sovremennyh politicheskikh processah. Sajasat*, **2010**, 5, 71-74 (in Russ.).
- [16] Tleubekova M.B. *Teoretiko-metodologicheskie osnovy issledovaniya politicheskogoprognostirovaniya. Evrazijskoe soobshhestvo: obshhestvo, politika, kul'tura*, **2010**, 2, 155-160 (in Russ.).
- [17] Absattarov R.B. *Sajasi bolzhamdaudyn adisteri zhane sajasi bolzhamdagy katelikterdi sheshu. Jekonomika*, **2014**, 7 tamyz (in Kaz.).
- [18] Aaker D.A. *Strategicheskoe rynochnoe upravlenie*. SPb: Piter, **2002**. 182-189 (in Russ.).
- [19] Schoemaker P.J.H. *Multiple Scenario Development: its conceptual and behavioral foundation. Strategic Management Journal*, **1993**, Volume 14, Issue 3. 193-213 (in Eng.).
- [20] Porter M. *Competitive advantage: creating and sustaining superior performance (with a new introduction)*. New York: Free Press, **1998**. 15-18 (in Eng.).
- [21] Starikov P.A. *Pikovyje perezhivaniya i tehnologii tvorchestva. Krasnojarsk*, **2011**. 75. (in Russ.).

М. О. Насимов

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПРОГНОЗИРОВАНИЕ: СУЩНОСТЬ И МЕТОДЫ

Аннотация. Общественная и политическая жизнь любого государства не может развиваться без его прогнозирования. Как показывает практика, чем выше уровень разработки прогнозов, тем они качественнее, а значит достовернее и эффективнее, результативнее планирование политического развития общества и его управление. Без умения научно предвидеть ход и развитие политических процессов невозможно обеспечить стабильность развития и функционирования политической системы, способствовать ее к внутренним и внешним изменениям.

Для того чтобы дать ответы на непростые вопросы, требуется непрерывное изучение и прогнозирование политической ситуации, аналитическое предвосхищение хода ее развития. Целью исследователям и аналитикам необходимо иметь в своем распоряжении научно разработанный и обоснованный прогностический аппарат.

В научной статье рассматривается сущность и методы политического прогнозирования. Автор статьи все методы прогнозирования разделяет на интуитивные и формализованные методы. В интуитивных методах анализируются типы методов интервью, аналитических записок, сценарный метод, анкетирование, метод мозговых штурм и Дельфи. В свою очередь из числа формализованных раскрываются методы интерполяции и экстраполяции, математического моделирования, теории вероятностей, математической статистики, системно-структурных и ассоциативных методов.

Ключевые слова: социально-политическое развитие, основные методы политического прогнозирования, интуитивные и формализованные методы прогнозирования, природа прогнозирования, управление.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 241 – 245

G. T. Zhoraeva

Kh. A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

ROLE OF TATAR INTELLIGENTSIA IN CREATING MUSLIM STATE IN THE EARLY XX CENTURY

Abstract. In this article the author examined the role of representatives of the Tatar intelligentsia on creating a single Muslim country. In order to achieve the goal, the intelligentsia turned ideas of Turkism as a program of ideal state. Although at the beginning of the last century, when the problem of nation-state structure was determined, the consolidation of all Turkic peoples became clearly visible.

Keywords: Tatar, intelligentsia, idea of Turkism, Muslim, government.

ӘӨЖ 94 (4/9)

Г. Т. Жораева

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА МҰСЫЛМАН МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУДАҒЫ ТАТАР ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада автор татар зиялы өкілдерінің біртұтас мұсылман мемлекетін құрудағы рөлін қарастырған. Аталмыш ұлттың интеллигенциялары түркішілдік идеясын мемлекеттің эталонды бағдарламасының негізіне айналдырды. Сонымен қатар өткен ғасырдың басында ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері айқындалып жатқанда барлық түркі тілдес халықтардың консолидациясы айқын көрініп тұрды.

Түйін сөздер: татар, интеллигенция, түркішілдік идеясы, мұсылман, үкімет.

Қазан революциясының жеңісімен байланысты ұлттық проблемалар, бірінші кезекте ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері өткірірек талқылана бастады. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан мен Түркістан Кеңестері өздерінің бүкілқазақтық және бүкілтүркістандық съездерін шақыруға әзірлене бастады. Кеңестердің бүкілқазақтық съезін шақыруға дайындық жұмыстары өлкеде кеңес өкіметін нығайту процесімен қат-қабат жүріп жатты. Іс жүзінде бұл кеңес өкіметін нығайту жолындағы күрес, сонымен бірге, кеңестік мемлекеттіліктің қалыптасуы жолындағы күрес дегенді білдіреді.

Татар азаматтары да Қазан төңкерісінің негізгі мақсатын түсінбеді. Сондықтан, бұл төңкеріске аса қуана да қоймады. Төңкерісті қолдаушылар үкімет тарапынан қысымшылық көргендер мен төменгі тап өкілдері болғандығын атап өтуіміз керек. Қазан революциясынан көп бұрын-ақ қазақ-либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына байланысты өздерінің бағдарламалы көзқарастарын кеңінен насихаттаған болатын [1, 308-б.].

Татар зиялылары мен жастары Уақытша үкімет пен депутаттар кеңесінің құрамында да болған. Олар жергілікті тұрғындармен бірлесе кеңес өкіметін құруға белсене араласып, азамат соғысы жылдарында ақ гвардияшыларға қарсы күрескен революционерлер етене араласты. Солардың бірі Сабыржан Ғарапшаұлы Ғаббасов.

Сабыржан 1879 жылы әкесі Ғарапша ашқан Сергиополь (Аягөз) қаласындағы медреседе білім алып, 1905 жылы білім жолына түскен жастармен бірге Қазан қаласына келіп, 1912 жылға дейін осы қалада оқиды. Осы жылдары Сабыржан марксистік үйірмелерге қатысып, революциялық идеялармен қаруланады. Оның кейіннен танымал революционер болуына большевик Құсайын Ямашев үлкен әсер еткен. Қазандағы жылдар Сабыржанның азаматтық көзқарасының қалыптасуына әсер етті [2].

С. Ғаббасов татар және қазақ зиялыларының арасында бұрыннан қалыптасқан өзара ағайындық дәстүрді одан әрі нығайтуға үлес қосты. 1912 жылы ол туған жеріне қайта оралып, мектепте мұғалімдікке кіреді. Бұл жылдар аралығында ол қазақ және татар тілдерінде шығып тұрған “Айқап” журналы мен “Уақыт” газетіне оқу-ағарту мәселесіне арналған бірнеше мақалалар жариялайды. “Айқап” журналының өзіне қазақтардың шаруашылығы, мәдени өмірі, тарихы турасында 15-ке жуық мақаланы жариялаған. Сабыржан кейіннен “Алаш” газеті мен “Үш жүз” партиясын құрған Көлбай Төгісовпен және қазақтың Е. Маманов сияқты белді азаматымен қарым-қатынаста болып, солар турасында аталмыш газет-журналдарға мақала жазған. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен С. Ғаббасов әскери қызметке алынады. Әскер қатарында унтер-офицер шеңінде фельдшер болып қызмет етеді. Алайда, ол 1915 жылы әскерлер арасында революциялық пиғылдағы үгіт-насихат жүргізгені үшін патша үкіметінің тарапынан айыпталуына байланысты әскерден қашып, Бішкек, Әулиеата, Шымкент қалаларын паналайды. Кейін Кавказға өтіп кетеді. Ол 1916 жылы қайтадан Верный қаласына оралып, мұнда газет-журналдарға “Аягузи” деген лақап атпен мақалалар жариялап тұрады [3, 93-б.]. Осы жылдың күзінде Сабыржан Қазанға бара жатқан жерінде ұсталып, абақтыға қамалады. Абақтыдан тек 1917 жылы Ақпан революциясы жеңгеннен кейін босатылып, революциялық күреске белсене кіріседі. Ол “Мұсылман комитетінің” әрекетіне қарсы шыққан. С. Ғаббасов Сергиопольде (Аягөз) кеңес өкіметін орнатуда ұйымдастырушы болып, ақ әскерлеріне қарсы күресуде орыс, қазақ, татарлардан тұратын партизандық отряд құрды.

Петропавлдағы кеңес өкіметін орнатуға қатысқан татар азаматтарының бірі - Кәрім Рахымұлы Сүтішев болды. Ол Троицкідегі медреседе оқып жүргеннің өзінде Ғ. Тоқайдың өлеңдерін жатқа біліп, революциялық пиғылда жазылған әдебиеттерді оқыған. Молдаға қарсы шыққаны үшін медреседен шығарылады. Петропавл қаласына келіп, астыртын большевиктер ұйымына қосылып, патша үкімет саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Ол байлардың тауарларды көтеріңкі бағамен сататынын әшкерелеу мақсатында қолдан жасалынған парақшалар шығарудан бастап, патшаны құлатуға шақырған жасырын кітаптарды татар тіліне аударып, оларды Омбы, Атбасар, Троицкі, Көкшетау қалаларына жеткізуге демократтар ұйымдастырғанға дейінгі революциялық жұмыстардың бәрін де атқарды. Сол бір реакция жылдарында кейбір большевиктер қуғын-сүргінге ұшырауына қарамастан, татар және қазақ интеллигенциясын социалистік-демократиялық үйірмелерге тоғыстырды [4].

1917 жылғы революциядан бұрын Петропавл мен барлық Ақмола губерниясында екі ғана ірі социал-демократиялық және социал-революционерлердің ұйымдары бар еді. Социал-демократиялық ұйымның белсенді Дубынин, Казачков, Зайкиндердің қатарында Кәрім Сүтішев те болды. Ұйым мүшелері түрлі қызметтерді атқарды. Мәселен, И. Дубынин интеллигенция арасында, З. Казачков теміржолшылар, Кәрім Сүтішев жүк түсірушілер мен арбакештердің және жастар арасында революциялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Петропавлда депутаттар кеңесі құрылған кезде інісі Хамитпен бірге сол кеңестің құрамына сайланды. Депутаттар кеңесінің Атқару комитеті Хамит Сүтішевке “бұратаналар комитетін” және “мұсылман комитетін” құруды тапсырды. Комитеттерді құруға бірнеше татар жастары белсене кіріскен. Хамит Сүтішев өзінің естелігінде комитет ісін құруға Сүтішев, Шагиев, Ыдырысов, Әбу-бакіровтардың қатысқандығын атап өткен [5, с.162].

Комитеттерді құру барысында К. Сүтішев және Х. Базарбаевтың бастамасымен жиырма бес адам қатысқан мәжіліс өткізіліп, онда саяси бағдарлама қабылдау және уақытша “мұсылман комитетінің” құрамына кандидаттар сайлау мәселелері қарастырылды. Бірінші мәселе бойынша бірден социал-демократтар мен социал-революционерлердің бағдарламалары ұсынылды. Алайда, мұсылмандарға бірігуді қажет ететін бағдарламалар қажет деген негізбен екі бағдарлама да қабылданбады.

Депутаттар кеңесінің екінші мәжілісі аталмыш екі мәселені тағы да қарастырды. Бұл жолы да бірінші мәжілістегідей саяси бағдарламалар қабылданбады. Мұсылман комитетінің бағдарламасын

жасау үшін арнайы комиссия құрылып, оның құрамына Шагиев, Құрманғалиев, Ғалиев, Мақсұтов және ағайынды Сүтішевтер енді. Мұсылман комитетінің құрамын сайлау барысында бірнеше қиыншылықтар туды. Өйткені, мұсылмандар арасында Уақытша үкіметке бағыну қажет пе деген мәселе төңірегінде қызу айтыс-тартыстар болып жатқан еді. Мұсылман комитеті Мәскеудегі мұсылмандардың орталық комитетіне жүгінуге бел буды. Орталық комитет қандай жағдай болса да, сондай-ақ табына қарамай барлық мұсылмандарды біріктіру қажеттігі жөнінде кеңес берді.

1917 жылдың тамызында К. Сүтішев Том қаласына оқуға кетіп, Петропавлға Атқару комитетінің шақыртуымен тек 1918 жылдың ақпанында қайтып оралады. Алайда, контрреволюциялық төңкеріс кезінде ол қамауға алынады. Татар Резеп Қасымов 300-дей жүк тасмалдаушылар мен арбакештерді ұйымдастырып, Кәрімді қамаудан босатуды талап еткеннен кейін ол босатылады. Бұл уақытта мұсылман комитеті татартылып, оның орнына “Милле Шара” атты татарлардың ұйымы құрылады. Бұл ұйым маңайына көпшілік мұсылман кедейлерін тарта білді [5, с.170-171].

Петропавлдың жұмысшылары мен солдаттары 1917 жылдың күз бойы үкімет билігін қолға алу жолында белсенді дайындықтар жүргізді. Осы жылдың 4 қазанында большевиктер И. Дубынин, К. Сүтішев және басқалар консерві зауытының жұмысшылары арасында, темір жол депосында, 33-ші запастағы атқыштар полкінің солдаттары арасында кеңес өкіметін қолдау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ал 18 қазанда Петропавл большевиктері Петроградқа II Бүкілресейлік съезге кеткен депутатқа “билікті жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттар кеңесінің қолына көшіру” шешіміне дауыс беруі турасында телеграфтық хат жолдады [6, с.149]. Кәрім Сүтішев 1918 жылдың 30 мамырында чехославак әскерлерінің қолынан қаза тапты.

1917 жылдың аяғында Жетісуда ақгвардияшылар мен депутаттар кеңесін жақтаушылар арасында Құрылтай жиналысына сайлау жолында үлкен тартысқа түсті. Татар зиялылары мен жастары Уақытша үкіметтің құрамына мүше болып, елдегі болып жатқан саяси жағдайды тыныштандыруға кіріскен болатын.

1917 жылы Жетісудің уақытша атқару комитетінің құрамында татар Біләл Хисамуттинов болып, осы жерде кеңес өкіметінің түпкілікті орнауына елеулі үлес қосты. Біләл Қазан губерниясында 1874 жылы дүниеге келген еді. 1895 жылы Троицкідегі “Мұхамедия” медресін бітіргеннен кейін Торғай облысының Қостанай уезінің мектебіне мұғалім болып келіп, ол жерде 1902 жылға дейін бала оқытады. Ал 1903-1905 жылдар аралығында Ташкент пен Верный қалаларында жеке сауда үйінің есепшісі болады. Алғашқы орыс революциясы жылдарында қайтадан оқытушылық қызметке оралып, орыс-түзем мектебінде сабақ береді. 1906-1907 жылы ол жеке фирманың бухгалтері, ал 1907 жылдан 1916 жылға дейін мектеп мұғалімі болады. 1914 жылы дүниежүзілік соғыс басталған кезде ағасы Минникаймен бірге 1916 жылы майданға кетіп, тек қатты жарақат алуына байланысты 1916 жылы Верный қаласына оралған болатын. Біләл 1917 жылғы революцияны қуанышпен қарсы алды. Ол Верныйдағы атқару комитетінде қызметте жүріп, аса көзге түскен соң Жетісу Әскер-Революциялық комитетіне сайланып, онда ағарту және заң істерімен айналысады. М. Хисамуттинов Д.А. Фурмановпен жақсы таныс болған. Аз ұлттардың митингілерінде, жиналыстарда Д.А. Фурманов оны тілмаш ретінде ертіп жүрген. Оның өмірі 1937 жылы “халық жауы” ретінде үзілді [7, с.15-17].

Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде “Шурои-улема” ұйымы “Шурои-ислам” ұйымымен бірлесе депутаттыққа кандидаттар беруден бас тартқан болатын. Олар 1917 жылдың 2 қазанда Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының сиезін өткізіп, онда Құрылтай жиналысына өз аттарынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. Бұл тізімнің ішінде татарлар да болды. Атап айтсақ, тізімдегі 14 адамның ішінде С. Лапин, С. Махмұдқожа, С. Алдабергенов, С. Нұрмұхамедов, Садық жожа ишан, Х. Ибрагимов, Т. Ғалым, О. Мерейов, М. Мабирхан, Ә. Топшыбашев, Қ. Бұралқиев, С. Юсупов, С. Наргелов, Ғ. Махдум бар еді [8, 47-48-бб.]. Бұл ұйым С. Лапинды Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлап, Түркістан штатының конституциясын дайындады.

Қазақстанда Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау негізінен белгіленген мерзімде қараша айының 12-18-і аралығында өтті. Сайлау тек қана Жетісу мен Сырдария облыстарында осы мерзімнен кешірек жүргізілді. Осыған дейін барлық партиялар мен саяси ұйымдар өз кандидатураларын ұсынып, қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп үлгерген болатын. Сайлау науқанына түрлі саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, сонымен қатар көптеген ұлттар өкілдері өз алдына бөлек

бағдарламалар түзіп атсалысты. Татар зиялылары да бұл Құрылтай жиналысының сайлау барысына белсенділік танытты.

Бұл сайлау бұрынғы Ресей империясы аймағындағы алғашқы демократиялық сайлау еді. Сайлау жалпыға бірдей, тең, төте және құпия түрде болды. Сайлау алты округтің бесеуінде пропорционалды, ал Орда округінде мажоритарлы жүйе бойынша жүргізілді. Бұл сайлаудың әділ түрде өтуіне өлкедегі барлық қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар мүдделі болды. Қоғамдық ұйымдардың мүшелері арасында татар ұлт өкілдерінің барлығы бізге белгілі. Қараша айларында Қокан, Ташкент, Түркістанда жиналыс, съездер өткізіліп, билік кімнің қолына көшу керек деген мәселе төңірегінде қызу тартыс болды. Мәселен, 1917 жылдың 15-22 қараша аралығында Түркістанда болған мұсылмандардың өлкелік 3-ші съезінде биліктің Халық комиссарлар кеңесі қолына өту керектігі жөніндегі шешімге С. Лапин бастаған “Шуро-ислам” ұйымы барынша қарсылық танытып бақты. Х.Ш. Иноятов көрсеткендей, С. Лапин 25 қарашада “Свободный Самарканд” газетіне жарияланған мұсылман съезінің резолюциясын оқып, мұсылмандардың мұсылмандар қандай да бір топтың үкімет билігін басып алу әрекеттеріне келіспейтіндігін және мойындамайтындығын білдірді [9, с.218].

Татар зиялылары тұтас мұсылман мемлекетін құру идеясын қолдады. Мәселен, татар зиялысы С. Алкин бұл турадағы ойын былайша білдірген еді: “Біз түріктердің біріккеніне, мұсылмандардың біріккеніне қарсы емеспіз, бірақ біз оларға өздерінің күшті мәдениетімен, мықты ұлттық ұлтымен, әдет-ғұрыпымен енуді қолдаймыз”. Мұндай пікірді татар лидерлері ғана емес, башқұрттар да қолдады [10, с.75].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда екінші жалпықазақ съезі болып, 80-ге жуық депутаттар бас қосты. Бұл съезге башқұрт өкілдерінің атынан Ахмед-Зәки Валидов пен жергілікті мұсылмандық әскери Шураның делегаты прапорщик Баширов, “Жаңа уақыт” газетінің бас жазушысы Фатих Кәрімов, Орынбор әскери шебінен Т. Седельников және т.б. құрметті қонақтар шақырылды. Аталмыш зиялылар съездің ашылуын құттықтап, қазақ халқын бірлікте болуын үндеді.

Бұл екінші жалпықазақ съезінде дін мәселесін қарастырған кезде мұсылман дініне ортақ істер татар қазыларымен және мүфтиімен бірге қарау турасында қаулы қабылданса, ал 20-25 тамызда Ақтөбе қаласында болған Торғай облыстық екінші қазақ съезінде Қазанда қиыншылыққа ұшырағандарға жәрдем мәселесі көтеріліп, съезге қатысушылар 418 сом ақша жинап, мұсылман кеңесіне жіберу мәселесін қолға алды [11, 408-409-бб.].

Қылмысты ашуға жұмылдырылған топтың арасында полковник Сәлімқұлов, подполковник Тастақбаев, тергеуші Базарбаев, сарапшы Қаржаубаев тәрізді милиция қызметкерлері жүргенімен, оқиғалардың әлеуметтік астарына оқырман бас кейіпкер капитан Жақыповтың ой-толғамдары арқылы еніп отырады. Өйткені оқиғаға қатысы бар-ау деген әрбір детальды, әрбір қадамды назарына алып, елеп-екшеп, бәрін жіпке тізіп жүретін бірден бір адам осы капитан.

Бұл арадағы кейбір көркемдік ерекшелік белгілі бір мөлшерде ағылшынның атақты бестселлершісі Агата Кристидің композиция құрудағы тәсілін еске түсіреді. Милиция қызметкерлері қанша әрекеттенсе де, әлі әшкере бола қоймаған қылмыскер өлген кісінің артына қызмет етіп

жатқан қарапайым ауыл адамдарының арасында жүреді. Осы ардағы психологиялық сәттердің параллель түрде жарыса көрініп жатуы жазушы шеберлігінің бір нышаны деп санауға лайықты.

Жазған туындыларының оқырманды бей-жай қалдырмауының тағы бір себебі Ерболат Жүсіпұлының бүкіл саналы өмір жолын ішкі істер қызметіне арнап, сол қызмет барысында өзі де түрлі оқиғаларды бастан кешіруіне байланысты деп түйіндесек орынды болмақ. Жастайынан әдебиетпен әуестеніп, қазақтың көркем сөзіне ынтызар болып өскен Ерекеңнің қаламынан осындай тартымды дүниелердің өмірге келуі де заңды еді. Қабілетті қалам иесі осындай нәрлі туындыларды әлі де дүниеге әкеле берер еді, егерде мезгілсіз асығып жеткен ажал өмірін дер шағында үзіп кетпегенде.

Е.Жүсіпұлы жазатын милиция қызметкерлерінің қимыл-әрекеттері жоғарыда аталған туындылардың қай-қайсысында да әр қырынан әр түрлі жағдайда көрініс тауып жатады. Тек көрініс тауып қана қоймай, басқа кейіпкерлердің бет-бейнесін ашуға, характерлерін кестелеуге, адамдық болмысына үңіле білуге өлшеулі түрде болса да, ықпал жасайды.

Жалпы көркем әдебиетке дайындығы ортақол оқырманның түсінігінде «детектив» дегеніміз – фабулалық бітімі тұтас, сюжеттік құрылымы шытырманға толы қызықты оқиғалардан тұратын көркем шығарма. Бұл тұжырымның растығына тоқталсақ, Е.Жүсіпұлы қаламынан туған дүниелердің де сол талаптарға қал-кадерінше жауап бере алатын деңгейде екендігін байқаймыз.

Детективті жанрда жазылған шығармаларға қойылатын көркемдік талаптарға жеңіл-желпі қарау нышаны да кездесетінін жасыруға болмас. Шынтуайтына келгенде олай емес. Өйткені жалпы көркем шығармаға тән барлық тиісті қажеттіліктерге қоса детективтің мазмұны оқиғалы, ал оқиғасы шытырманды болуы да шарт. Осы тұжырымның нақты мысалы – аталған қаламгердің жоғарыда талданған туындыларының оқырман көңілінен шығатын көркемдік-идеялық салмағы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 750 б.
- [2] Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. 127 б.
- [3] Жүсіпұлы Е. Өмір шіркін... Астана, 2007, 254 б.

REFERENCES

- [1] Kazak adebieti: Entsiklopediya. Almaty: Kazakstan damu instituty, 1999. 750 p.). (in Kaz.).
- [2] Adebiettanu. Terminder sozdigi. Almaty: Ana tili, 1998. 384 p. 127 p. (in Kaz.).
- [3] Zhusipuly E. Omir shirkin... Astana, 2007, 254 p. (in Kaz.).

Н. Б. Акыш

Доктор филологических наук, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауэзова, Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЕ ШТРИХИ В СЮЖЕТНЫХ ЛИНИЯХ

Аннотация. Автор статьи убедительно доказывает, что художественно-стилевые особенности прозы казахских писателей, всесторонне раскрывающих в своих произведениях образ современника, выходят в годы независимости на новый уровень развития. Особенно отчетливо это наблюдается в отдельных повествовательных жанрах, в частности, в детективах. Объектом исследования статьи Н. Акыша избраны повести и рассказы Ерболата Жусупұлы, в процессе анализа которых ученый-литературовед останавливается на отдельных моментах развития жанра, приходя к интересным и новым научным выводам.

Ключевые слова: художественная литература, рассказ, писатель, сюжет, герой, идея, тем.

B. B. Torsykbaeva, N. B. ShamuratovaAstana university, Astana, Kazakhstan.
E-mail: maha-1505@mail.ru.**THE DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY
OF STUDENTS LEARNING**

Abstract. The article substantiates that technologization educational process in educational institutions is a mechanism for implementing competence-based approach, management personality based on reflexive approach and management team based on a synergistic approach. The role technologizing educational process in high school. The theoretical position on monitoring the development of personality and a new approach to the evaluation of the system of criteria of evaluation "by adding". Also in the article tells about the course and passing the new material and its consolidation at the end of the lesson and assessment of students as much as possible by the method which is narrated. According to the standard for students is given a three-level mission to assess their level of knowledge. After setting and response of their students and put diffentsirizatsiya estimates according to the procedure that we consider in the article. At the moment today many specialized textbooks for students do not have the evaluation methodology and that you are considering in this article. Here we describe the teaching methods are the students, their evaluation and how have textbooks written to after the course of a given discipline, we can assess the level of student knowledge.

Keywords: functional literacy, criteria-based assessment system, competence, levels of formation of competences, reflective approach, synergetic approach, technological approach, the technological measure, the national system for assessing the quality of education (NSKO), monitoring the trajectory of development.

Б. Б. Торсыкбаева, Н. Б. Шамуратова

"Астана" университеті, Астана, Қазақстан

**СТУДЕНТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУА ОҚЫТУ**

Аннотация. 2012 жылы Елбасы Қазақстан халқына жолдауында білім беру жүйесінің бірінші өлшемі ретінде «Білім беру үрдісіне замануи әдістер мен технологияларды енгізу керек» екендігіне назар аударған.

Аталған тапсырыстарды жүзеге асыру механизмдерінің бірі ретінде: оқыту үдерісін технологияландырудың қажеттілігін бүгінгі таңда педагогтар қауымы мойындап келеді.

Отандық технологиялардың ішінен жоғары сұранысқа ие болып жүрген технологиялардың бірі – «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)». Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысындағы оқыту үрдісіне енгізу арқылы білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту. Мемлекеттік Тұжырымдамасы мен 2010–2020 жылдарға дейінгі Бағдарламаларын жүзеге асыру барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге болады, яғни: 1) *нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті сапалы білім алуға жағдай жасалады;* 2) *білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға (мониторинг жүргізуге) қолайлы жағдай туады;* 3) *білім беру жүйесінің сапасын әділ бағалайтын Ұлттық бағалау жүйесі құрылады* делінген [1, 2].

Оқытудың ҮӘЖ технологиясы жоғарыда аталған өзекті мәселелерді тиімді шешумен қатар, бұл технологияның талабы бойынша әр студентті оқу материалын өз бетімен меңгеруге үйретеді,

оқыту мен білім беру сапасын арттыруға, жалпы тұлғаның дамуын объективті түрде, әділ бағалауға кепілдік береді.

Студенттерге стандарт көлеміндегі үш деңгейлік тапсырмалар ұсынылады.

Оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының негізгі ерекшелігі: II кезеңде студент жаңа тақырыпты өз бетінше меңгеріп, алған білімдерін түрлі тапсырмаларды орындау арқылы дәлелдей отырып, практика жүзінде бекіте білуінде. II кезеңнің алғашқы 20 минутында тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, жаттығу жұмыстарын орындау арқылы, білімдерін жүйелей түседі. Ал, III **кері байланыс кезеңінде** студенттердің жаңа тақырып бойынша алған білім деңгейлерінің сапасы бақыланады. Яғни, студенттердің II кезең бойынша алған білім деңгейлерін анықтауға, бақылауға және түзету жұмыстарын жүргізе отырып, әр студентті әр тақырып бойынша бірнеше қайтара бағалауға мол мүмкіндік туады.

Өкінішке орай, жоғарғы оқу орнындағы жазылып жатқан оқулықтар студенттердің өз бетімен білім алуына бейімделмеген. Сондықтан, оқулықтар теориясын технологиялық тұрғыдан қайта қарайтын уақыт келді дейді аталмыш технологияны жасаушы ғалымдар:

– *біріншіден*, оқыту мақсаттарының таксономиясының (тізбегінің) арқасында **білім мазмұны деңгейлік сипат алады** және оның **дамытушылық қасиеті** пайда болады. Ең маңыздысы, мазмұнға білім сапасының негізгі түрлері енеді (оқулықтардың мазмұнына білім сапасын енгізбей, біз бүгін сапалы білімді қалайша талап етіп отырмыз?!);

– *екіншіден*, ақпараттық мазмұндағы дәстүрлі оқулықтардың мүмкіндіктері тек *білім толықтығын* қалыптастырады. Мұндай оқулықтар негізінде жасалған тест тапсырмалары студенттердің алған білім сапасының тек «**дұрыс**» және «**толық**» деп аталатын қасиеттерін қамтамасыз етеді, себебі: стандарт анықтаған мазмұнның *ең аз қажетті көлемін* ғана (*бірінші эмпирикалық деңгейдің мазмұнын*) меңгертуге және бағалауға мүмкіндік береді. Білім мазмұнын бірінен-бірі туындайтын деңгейлік тапсырмалар түрінде ұсыну *дамыта оқытуды ұйымдастыруға* жол ашады, өйткені студенттер өнімсіз іс-әрекеттен оның өнімді түріне өте отырып, мазмұнды біртіндеп меңгереді. Бұған қоса, мұндағы білімнің кейбір жетекші элементтерін, фактілер, ұғымдар, ережелер, заңдылықтарын студенттердің өздері ашады.

Студенттер оқу материалдарын әртүрлі деңгейде қабылдайды: бірінші – «*міндетті*»; екінші – «*алгоритмдік*»; үшінші – «*эвристикалық*»; төртінші – «*шығармашылық*».

Студенттердің білімін рейтинг әдісімен технологияның «нәтижеге бағытталған» үшінші кезеңінің 1-2-3-деңгей тапсырмаларын біртіндеп барлық студент орындаған соң, тақтадағы «Ашық журналға» алдымен «+» белгісі қойылады. Аудиториядағы және үйдегі орындалған тапсырмалардың ұпайлары жинақталып, жаңа сабақтың 1-кезеңінде сынып журналына қояды.

Аталмыш технологияны жоғарғы оқу орындарында қолдану, студенттердің тақырыпты меңгеру арқылы олардың оқу сапасын (семестрлер бойынша) арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыс дәптерінде әр тақырыпты меңгерудің III кері байланыс кезеңінің – (технология бойынша нәтижеге бағытталған бөлімінің) тапсырмалары берілген.

Студенттерге берілген 50 минуттық аудиториялық сағаттың 30 минуты **тақырыпты меңгеруге** соңғы 17 минуты **тапсырмаларды орындауға** + 3 минут **қорытынды шығаруға** арналады. Ал қалған тапсырмаларды студенттер үйде жалғастырып орындайды [3, 4].

Бұл кезеңнің негізгі мақсаты: деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқулықтар мен дәріс конспектісіндегі 2-ші кезеңде алған білімдерін дәлелдеп, қабілетіне қарай тереңдету және оқу жетістіктерін 100-ұпайлық рейтинг жүйесі бойынша әділ бағалау болып табылады. Студенттерге стандарт көлеміндегі үш деңгейлік тапсырмалар ұсынылады.

Бір мәрте міндетті деңгейден өткен соң, олар алға ұмтылады, бойларында оқуға ынта, өз күшіне сенімдік пайда болады. **1-ші деңгей** – 50 балл = “сынақтан өтті” = “3” электронды журналға қойылады, егер келесі деңгейлерді меңгере алмаса.

Бұл деңгейде студент білім сапасы «дұрыс», «толық» деген категорияларды қанағаттандырады.

2-ші деңгейде студенттерден: 1-ші деңгейде меңгерген ақпараттық **білімдерінің себеп-салдарларын анықтайтын** тапсырмаларды орындап, өз білімдерін **түрлі жағдайда қолдана білуі, оқу материалын талдау іскерлігі** (екінші деңгейде қалыптасатын **біліктілігі**) талап етіледі. Бұл жерде студенттің **танымдық қызметіне** оқу материалын өзгерту, оны сыни тұрғыдан ұғыну, шешім

қабылдаудың тиімді жолдарын іздеу, **білімді салыстыру** арқылы мәтіннің **негізгі ойын бөліп шығару әрекеттері жатады**. Тапсырмаларда қолданылатын сұрақтар түрі: Неге? Неліктен? Себебі? түсіндір, бірнеше тәсілмен шеш, тексер, салыстыр, талда, классификация жаса, т.б.

2-ші деңгейде 50 балл + 30 балл = 80 балл = “4” электронды журналға қойылады, егер келесі деңгейлерді меңгере алмаса. Бұл жағдайда студенттің білім сапасына 1-деңгейдегі «дұрыс» пен «толық»-қа «әрекеттілік» пен «тереңділік» сияқты білім **сапасының түрлері** қосылады.

3-ші деңгейде студенттер танымдық-ізденушілік сипаттағы, білімнің тереңделуіне, қортындылауға бағытталған тапсырмаларды орындайды. Тапсырмалар түрі: өз шешімді тап, алгоритм жаса, жүйеле, анықтама бер, қорытынды шығар, жетістіктерін сипатта, сәйкес келе ме?, дұрыс па?, т.б.)

3-ші деңгейде: 80 балл + 20 балл = 100 балл = “5” электронды журналға қойылады. Студенттің білім сапасы білім стандарты көлемінде «дұрыс», «толық», «әрекеттілік» пен «тереңділік»-ке «жүйелілік» қосылып, барлығының жиынтығы **«берік»** білім болып саналады.

4-ші деңгейдің тапсырмалары студенттерден зерттеу әдістерін пайдаланып, білімдерін қалыптан тыс (стандарттан жоғары) шығармашылық жағдайында қолдана білуін талап етеді (олимпиадалық тапсырмалар, реферат жазу, ғылыми жобалар қорғау, т.б.). Олар стандарттан жоғары болғандықтан **өзінше 100-балдық жүйемен ерекше бағаланады**. Бұл жағдайда студент оқытушының көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айнала бастайды деп табылады [2-4].

Студенттерге «Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериялды бағалау жүйесі арқылы өлшеу» бойынша жұмыс дәптері беріледі.

«Астана» университеті техникалық ғылымдар кафедрасының оқытушылары ҮӘЖ-педагогикалық технологиясын жоғары оқу орындарында қолдану шараларын, соған сәйкес жұмыс дәптерлерін жасауды қолға алдық. Осындай жасалған шаралардың бірі химия пәнінен «Қышқылдар мен негіздерге деген жаңа көзқарастар. Сольвожүйелер теориясы» тақырыбына жасаған студенттерге арналған жұмыс дәптері мен оқытушыларға арналған, оның кілтін жасап пайдаланудың әдістемесін оқырман қауым назарына ұсынып отырмыз [4, 5].

Тақырыбы: ОРГАНИКАЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ МЕХАНИЗМІ

(Аралас семинар сабағы – 90 минут)

(Асты сызылған курсив сөздердің орнына студент дәптерінде бос орын қалдырылады)

Оң жақ бағандағы тапсырмаларды құрастырушы оқытушылардың есіне:	I-кезең. Оқытушы алғашқы 5–7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін өткізеді; б) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап орындап келу дәрежесі тексеріледі; в) төмендегі «Көпір» тапсырмаларын тексереді (алдымен жеке тексеріп шығады, сосын фронталды тексереді).
«КӨПІР» тапсырмалары (студенттер үйде орындап, бүгінгі сабаққа дайындалып келеді)	<p>Сұрақтарға жауап бер:</p> <p>1) Химиялық реакция дегеніміз не? Жауабы: Заттардың өзара <i>әрекеттесуі</i> нәтижесінде олардың химиялық <i>құрамы</i> мен <i>құрылысы</i> өзгеріп, басқа <i>заттарға</i> айналуы.</p> <p>2) Химиялық реакциялар қандай заңға негізделген? Жауабы: Химиялық реакциялар масса <i>сақталу</i> заңына негіздел.</p> <p>3) Химиялық реакциялар қалай өрнектеледі? Жауабы: Химиялық <i>формулалар</i> және <i>теңдеулер</i> арқылы өрнектеледі.</p> <p>Реакциялардың механизмі дегеніміз не? Жауабы: Реакцияға түсуші <i>бастапқы</i> заттардың реакция өнімдеріне айналғанға дейін жүретін жолын реакция механизмі дейді.</p> <p>МӘСЕЛЕ: <i>Балалар, органикалық реакциялардың жіктелуін білесіздер ме?</i></p> <p><i>Мысалы.....</i></p> <p><i>Олай болса, сабақтың II кезеңде жаңа тақырыпты түрлі тапсырмаларды орындау арқылы дәлелдей отырып, практика жүзінде орындаңдар.</i></p>
II-кезең. (Топтық жұмыс) Жаңа сабақты топтық жұмыс барысында студенттердің өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау: а) Студенттер төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут); ә) жауаптарын оқытушымен бірге талдайды (10 минут). <i>Нәтижесі ауызша марапатталады.</i>	

	<p>(:OH, :Cl) және бөліспеген электрон жұптары бар бейтарап қосылыстар (:NH₃) да жатады.</p> <p>11) Орын басу реакциясының иондық механизімі қалай жүреді? Жауабы: δ байланыстардың гетролиттік үзілуінен түзілген <i>катионға</i> немесе <i>анионға</i> басқа молекулалардан қарсы зарядталған иондар келіп қосылады. Орын басу реакциясының иондық механизімі <i>екі</i> бағытта жүреді.</p> <p>а) Босаған карбкатионға анион келіп қосылады: $R:X \rightarrow R^+ + :X^-$; $R^+ + :Y^- \rightarrow R:Y$, мысалы: $H_3C:Cl \rightarrow H_3C^+ + :Cl^- \rightarrow H_3C-Cl$ немесе $H_3C^+ + :OH^- \rightarrow H_3C^+ - OH^-$. Бұл жағдайда реакцияға нуклеофильді (:Y⁻) реагент қосылып отыр, сондықтан реакция <i>иондық</i> нуклеофильді механизммен жүреді және S_N-таңбасымен белгілейді.</p> <p>б) Босаған карбанионға катион келіп қосылады: $R:X \rightarrow R^- + :X^+$; $R^- + :Y^+ \rightarrow R:Y$ Бұл жағдайда реакцияға электрофильді бөлшек (:Y⁺) реагент қосылып отыр, сондықтан реакция <i>иондық</i> электрофильді механизммен жүреді және S_E- таңбасымен белгілейді.</p> <p>12) Электрофильді реагенттер дегеніміз не? Жауабы: Электрофильді реагенттер деп – электронакцепторлы қасиеті бар, байланыс түзу үшін молекуладан (немесе ионнан) электрон жұбын қосып алатын бөлшектерді айтады. Оларға бос орбитальдары бар катиондар (H⁺) және (BF₃) бейтарап қосылыстар жатады. Электрофильді орын басу реакциясы көбіне ароматты көмірсутектерде кездеседі.</p>
<p>2-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? неліктен? себебі? не үшін? Дәлелде, түсіндір сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына қойылады (оларды тереңдету үшін)</p>	<p>1) Неліктен химиялық реакцияларды әрекеттесетін заттардың саны және құрамы бойынша жіктейді? Жауабы: Себебі, заттардың <i>саны</i> және <i>құрамы</i> өзгермей жүреді. Мұндай реакцияларға органикалық химиядағы <i>изомерлену</i> процестерін жатқызуға болады, мысалы:</p> $CH_3-CH_2-CH_2-CH_2-CH_3 \xrightarrow{AlCl_3, t} \begin{array}{c} H_3C-CH-CH_2-CH_3 \\ \\ CH_3 \end{array}$ <p style="text-align: center;">н - пентан 2-метилбутан (изопентан)</p> <p>Яғни заттың молекуласының <i>сапалық</i> және <i>сандық</i> құрамы өзгеріссіз жүреді.</p> <p>2) Не себепті органикалық химияда қосылу реакцияларын «қосып алу реакциялары» деп атайды? Жауабы: Себебі, органикалық химиядағы қосылу реакциялары сутекті, суды және т.б заттарды құрамына қосып алады, мысалы:</p> <p>а) Гидрлену реакциясы – сутекті қосып алу: $CH_2=CH_2 + H_2 \xrightarrow{Ni, t} CH_3-CH_3$ этен этан</p> <p>б) Гидратациялану реакциясы – суды қосып алу: $CH_2=CH_2 + H_2O \xrightarrow{t} C_2H_5OH$ этен этанол</p> <p>с) Полимерлену реакциясы: $nCH_2=CH_2 \xrightarrow{P, t} (-CH_2-CH_2-)_n$ этилен полиэтилен</p> <p>Сонымен қатар, органикалық химиядағы орын басу реакцияларына <i>екі күрделі</i> зат арасында болатын реакцияларды жатқызуға болады, мысалы: бензолды нитрлеу:</p> $C_6H_6 + HNO_3 \xrightarrow{H_2SO_4, t} C_6H_5NO_2 + H_2O$ <p style="text-align: center;">бензол нитробензол</p> <p>Алмасуға ұқсайды, бірақ бұл реакцияның орын басу екендігі тек мұның <i>механизмін</i> қарастырғаннан кейін ғана <i>түсінікті</i> болады.</p> <p>3) Органикалық химиядағы орын басу реакцияларының ерекшелігі неде? Жауабы: Ерекшелігі, органикалық химиядағы орын басу реакциялары <i>жай</i> заттарды емес, олардың қосылыстарының қасиеттерін (катализатор қатысында және т.б) зерттейді және ерекше жағдайда жүреді. мысалы: ароматты қосылыстардың бромдануы (бензол, толуол, анилин):</p> $C_6H_6 + Br_2 \xrightarrow{FeBr_3} C_6H_5Br + HBr$ <p style="text-align: center;">бензол бромбензол</p>


<p>3-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқсастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады.</p>	<p>(1-3). Венн диаграммасы арқылы химиялық реакциялардың негізгі белгілерін салыстыр.</p> <div style="text-align: center;"> <p>Химиялық реакциялардың негізгі белгілері</p> </div> <p>4. Тақырыптың басты идеясы неде? а) Химиялық реакциялардың негізгі белгілерінің ұқсастығы: Заттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде олардың химиялық құрамы мен құрылысы өзгеріп, басқа заттарға айналуы. б) Химиялық реакциялардың негізгі белгілерінің ерекшелігі: Әрекеттесуші заттардың құрамына кіретін атомдардың тотығу дәрежелерінің өзгеруі (тотығу-тотықсыздану реакциялары), реагенттер мен өнімдердің құрамы және мөлшері (қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу реакциялары), химиялық реакциялардың жылу эффектілері (экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар), процестің қайтымдылығы (қайтымды және қайтымсыз реакциялар) негізінде жүргізіледі.</p>
<p>4-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірексызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар студенттің жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады.</p>	<p>Білгенінді жинақта:</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="border: 1px solid blue; padding: 5px; width: 45%;"> <p>Реакцияға түскен және реакция нәтижесінде түзілген заттардың санына қарай</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қосып алу: $\text{CH}_2=\text{CH}_2 + \text{H}_2 \rightarrow \text{CH}_3-\text{CH}_3$ 2. Бөліну: $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH} \rightarrow \text{CH}_2=\text{CH}_2 + \text{H}_2\text{O}$ 3. Орынбасқ: $\text{CH}_4 + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{CH}_3\text{Cl} + \text{HCl}$ 4. Алмасу: $\text{CH}_3\text{COOH} + \text{NaOH} \leftrightarrow \text{CH}_3\text{COONa} + \text{H}_2\text{O}$ </div> <div style="border: 1px solid blue; padding: 5px; width: 45%;"> <p>Жүру механизміне қарай</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нуклеофильді(S_N): $\text{R}:\text{X} \rightarrow \text{R}^+ + :\text{X}^-; \text{R}^+ + :\text{Y}^- \rightarrow \text{R}:\text{Y}$ $\text{H}_3\text{C}^+ + :\text{OH}^- \rightarrow \text{H}_3\text{C}-\text{OH}$ 2. Электрофильді(S_E): $\text{R}:\text{X} \rightarrow \text{R}^-\text{X}^+; \text{R}^-\text{X}^+ + \text{Y}^+ \rightarrow \text{R}:\text{Y}$ $\text{C}_6\text{H}_6 + \text{HNO}_3 \rightarrow \text{C}_6\text{H}_5\text{NO}_2 + \text{H}_2\text{O}$ </div> </div> <p>Қорытынды шығар: _____</p>
<p>Оқулықпен жұмыс (5 минут): төмендегі «Қолдану» және студенттің тақырып мазмұнына «Баға беруі» тәсілдеріне сәйкес, яғни рефлексия жасауға, ессе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.</p>	

<p>5-қадам: практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады</p>	<p>Латын әріптерін пайдаланып, реакция сызбанұсқаларын жалпы түрде көрсетіндер: Жауабы:</p> <table border="1" data-bbox="448 320 1382 595"> <thead> <tr> <th>Реакция типі</th> <th>Сызбанұсқасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қосылу реакциясы</td> <td>$A + B \rightarrow C$</td> </tr> <tr> <td>Орын басу реакциясы</td> <td>$A + BC = AC + B$</td> </tr> <tr> <td>Айырылу реакциясы</td> <td>$C \rightarrow A + B$</td> </tr> <tr> <td>Алмасу реакциясы</td> <td>$AB + CD = AB + CD$</td> </tr> <tr> <td>Экзотермиялық реакция</td> <td>$A + B = C + Q$</td> </tr> <tr> <td>Эндотермиялық реакция</td> <td>$A + B = C - Q$</td> </tr> </tbody> </table>	Реакция типі	Сызбанұсқасы	Қосылу реакциясы	$A + B \rightarrow C$	Орын басу реакциясы	$A + BC = AC + B$	Айырылу реакциясы	$C \rightarrow A + B$	Алмасу реакциясы	$AB + CD = AB + CD$	Экзотермиялық реакция	$A + B = C + Q$	Эндотермиялық реакция	$A + B = C - Q$
Реакция типі	Сызбанұсқасы														
Қосылу реакциясы	$A + B \rightarrow C$														
Орын басу реакциясы	$A + BC = AC + B$														
Айырылу реакциясы	$C \rightarrow A + B$														
Алмасу реакциясы	$AB + CD = AB + CD$														
Экзотермиялық реакция	$A + B = C + Q$														
Эндотермиялық реакция	$A + B = C - Q$														
<p>6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? деген тапсырмалар студентке жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін (практикасы бойынша) өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады</p>	<p>Нуклеофильді (S_N) орын басу реакцияларыдағы аралық карбокатион түзілу белсенділігінің жоғарылауын Сен қалай бағалайсың? Жауабы: Электрондардың ығысу теориясы тұрғысынан әрбір заттың молекуласындағы <i>электрондық</i> тығыздық сол заттың химиялық құрамына сәйкес бөлінеді. Егер байланыстырушы атомдардың электртерістілігі әртүрлі болса, байланыста <i>полюс</i> пайда болады. Атомдарда осылай пайда болған зарядтарды <i>эффeктивті</i> зарядтар деп атайды және оларды былай көрсетеді: $\text{CH}_3 \xrightarrow{\delta+} \text{CH}_2 \xrightarrow{\delta+} \text{C} \xrightarrow{\delta-} \text{Cl}$ мұндағы δ электрондардың ығысуынан пайда болған <i>эффeктивті</i> заряд. Хлор пропендегі $\text{C} \rightarrow \text{Cl}$ арасындағы полюстілігі көрші $\text{C}-\text{C}$ және $\text{C}-\text{H}$ байланыстарының <i>полюстілігін</i> тудырады. Молекуладағы байбайланыс полюстілігінің сыртқы сыртқы электр өрісінің әсерінен өзгеру (электрондардың қайта бөлісуі) қабілетін поляризацияланғыштықпен сипатталады. π-байланыстың электрондары қозғалғыш келеді сондықтан поляризацияланғыштығы да өте жоғары болады. Байбайланыс <i>полюстілігі</i> және поляризацияланғыштығы туралы түсінік молекуладағы электрон тығыздықтарының <i>таралуы</i> молекуланың реакцияға қабілеттілігі туралы мәлімет берді, мысалы:</p> $\text{CH}_2=\text{CH}-\text{CH}-\text{Cl} \longrightarrow \text{CH}_2=\text{CH}-\text{CH}_2^+ + \text{Cl}^-$ <p style="text-align: center;"><i>карбокатион</i></p> <p>Электрон тығыздықтарының таралуынан байбайланыс <i>полюстілігі</i> артады және поляризацияланғыштығы жоғарылайды да δ байланыс гетеролитті үзіледі. Нәтижесінде R^+ - <i>карбокатион</i> түзіледі. Реакцияның <i>белсенділігі</i> жоғарылайды.</p>														
<p><i>III-кезең: Деңгейлік тапсырмаларды орындап, балл жинау.</i> III кезең (кері байланыс – бағалау кезеңі): Жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзыреттілік деңгейін анықтайтын тапсырмалар) оларды біртіндеп орындату арқылы балл жинау барысында студенттердің құзыреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды студенттер әр сабақтың соңына дейін қалған 30 минуттың 24 минутында орындайды + 6 минут қортынды жасалады. Қалған тапсырмаларлы үйде аяқтап келеді. Қорытынды балл саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында топ журналына қойылады, мониторингке тіркеледі.</p>															
<p>I деңгей (50 балл)</p>															
<p>1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнынан кім? Не? кімнің? кімге? кімді? кімде? кімнен? кіммен? Қандай? Қай? Қашан? Не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.</p>	<p>1-тапсырма. Органикалық химиядағы орын басу реакциясының ерекшелігі неде? Жауабы: Органикалық химиядағы орын басу реакциясы δ - байланыстардың <i>үзілуі</i> және <i>түзілуі</i> арқылы жүреді.</p> <p>2-тапсырма. δ – байланыстар қалай үзіледі? Жауабы: δ - байланыстардың үзілуінің екі жолы бар: біріншісінде екі бос <i>радикалға</i>: ыдырайды $\text{R:X} \rightarrow \text{R}^\bullet + \text{X}^\bullet$ (гомолиттік үзілу), ал екіншісінде үзілген электрон жұбы атомның <i>біреуінде</i> қалады да ол атом <i>анионға</i>, екінші атом <i>катионға</i> айналады. $\text{R:X} \rightarrow \text{R}^+ + \text{:X}^-$ (гетеролиттік үзілу). Нәтижесінде R^+ - <i>карбокатион</i> және X^- - <i>карбанион</i> түзіледі.</p> <p>3-тапсырма. Орын басу реакциясының радикалды механизмі қалай жүреді? Жауабы: δ байланыстардың гомолиттік үзілуінен түзілген <i>радикал</i> молекуладағы <i>атомның</i> немесе атомдар топшасының <i>орнын</i> басады да, басқа радикалды бөліп шығарады:</p> $\text{R}^\bullet + \text{R:Y} \rightarrow \text{R:Y} + \bullet \text{R}^+$ <p>мысалы: $\text{H}_3\text{C:H} \rightarrow \text{H}_3\text{C}^\bullet + \text{H}$; $\text{H}_3\text{C}^\bullet$ - метил радикалы үзіледі.</p>														

	<p>$\text{H}_3\text{C}^\ominus + \text{Cl}:\text{Cl} \rightarrow \text{H}_3\text{C}^\ominus:\text{Cl} + \text{Cl}^\ominus$; Cl^\ominus-хлор радикалы босатып шығарады.</p> <p>Орын басудың бұл механизімін радикалды деп атайды да S_R-таңбасымен белгілейді. Радикалды орын басу реакциясы көбіне қаныққан көмірсутектерде кездеседі.</p> <p>4-тапсырма.</p> <p>1) Орын басу реакциясының иондық механизімі қалай жүреді? Жауабы: δ байланыстардың гетролиттік үзілуінен түзілген <i>катионға</i> немесе <i>анионға</i> басқа молекулалардан қарсы зарядталған иондар келіп қосылады. Орын басу реакциясының иондық механизімі <i>екі</i> бағытта жүреді.</p> <p>с) Босаған карбкатионға анион келіп қосылады: $\text{R}:\text{X} \rightarrow \text{R}^+ + :\text{X}^-$; $\text{R}^+ + :\text{Y}^- \rightarrow \text{R}:\text{Y}$, мысалы: $\text{H}_3\text{C}:\text{Cl} \rightarrow \text{H}_3\text{C}^+ + :\text{Cl}^- \rightarrow \text{H}_3\text{C}-\text{Cl}$ немесе $\text{H}_3\text{C}^+ + :\text{OH}^- \rightarrow \text{H}_3\text{C}^+ - \text{OH}$.</p> <p>Бұл жағдайда реакцияға нуклеофильді ($:\text{Y}^-$) реагент қосылып отыр, сондықтан реакция <i>иондық</i> нуклеофильді механизммен жүреді және S_N-таңбасымен белгілейді.</p> <p>d) Босаған карбанионға катион келіп қосылады: $\text{R}:\text{X} \rightarrow \text{R}^- + :\text{X}^+$; $\text{R}^- + :\text{Y}^+ \rightarrow \text{R}:\text{Y}$</p> <p>Бұл жағдайда реакцияға электрофильді бөлшек ($:\text{Y}^+$) реагент қосылып отыр, сондықтан реакция <i>иондық</i> электрофильді механизммен жүреді және S_E-таңбасымен белгілейді.</p>
<p>2-қадам: практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс. II кезеңнің 5-қадамындағы қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)</p>	<p>5-тапсырма.</p> <p>1) Органикалық химиядағы алмасу реакцияларының ұқсастығы неде? Жауабыңды дәлелде. Жауабы: Айтарлықтай ерекшелігі жоқ, ұқсастығы екі <i>күрделі</i> заттың өздерінің құрамдас бөлшектерін <i>алмастыра</i> жүреді. Органикалық химиядағы сірке қышқылының химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакцияларды қарастыруға болады:</p> <p>a) Әлсіз электролит (H_2O) түзе жүретін реакция: $\text{CH}_3\text{COOH} + \text{NaOH} \leftrightarrow \text{CH}_3\text{COONa} + \text{H}_2\text{O}$</p> <p>b) Газ түзе жүретін реакция: $2\text{CH}_3\text{COOH} + \text{CaCO}_3 \rightarrow 2\text{CH}_3\text{COO}^- + \text{Ca}^{2+} + \text{CO}_2\uparrow + \text{H}_2\text{O}$</p> <p>c) Тұнба түзе жүретін реакция: $2\text{CH}_3\text{COOH} + \text{K}_2\text{SiO}_3 \rightarrow 2\text{CH}_3\text{COOK} + \text{H}_2\text{SiO}_3\downarrow$</p> <p>2) Органикалық химиядағы басу реакциясы реакцияларының айырмашылығы неде? Жауабыңды дәлелде. Жауабы: Орын басу реакциясы – жай зат атомдарының <i>күрделі</i> заттағы қайсы бір элементтің <i>атомын</i> алмастыратын реакцияларды жатқызуға болады. Радикалды орын басу реакциясы көбіне қаныққан көмірсутектерде кездеседі, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • $\text{CH}_4 + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{CH}_3\text{Cl} + \text{HCl}$ хлорметан • $\text{CH}_3\text{Cl} + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{CH}_2\text{Cl}_2 + \text{HCl}$ ди хлорметан • $\text{CH}_2\text{Cl}_2 + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{CHCl}_3 + \text{HCl}$ три хлорметан • $\text{CHCl}_3 + \text{Cl}_2 \rightarrow \text{CCl}_4 + \text{HCl}$ Тетрахлорметан
<p style="text-align: center;">1-аралық нәтиже:</p> <p>Бірінші деңгейде қалыптасқан құзіреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі): – «дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады (Ю.К.Бабанский). Студенттің бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі – елу балл = «сынақтан өтті» = «қанағаттандырарлық» білім деңгейінің өлшемі = «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.</p>	

II деңгей: (50 балл + 30 балл = 80 балл)																
<p>За-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? неліктен? себебі? не үшін? Дәлелде, түсіндір сұрақтары студенттің жоғарыда берген жауаптарына қойылады (оларды тереңдету үшін)</p>	<p>1-тапсырма. Неліктен мына реакцияларды қосылу, айырылу және орынбасу реакцияларына жатқызады? Реакцияларды сипаттайтын дұрыс жауаптардың астын сызындар. Себебін түсіндіріңдер.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%;">Қосылу реакциялары</th> <th style="width: 33%;">Айырылу реакциялары</th> <th style="width: 33%;">Орын басу реакциялары</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> $S + O_2 = SO_2$ Екі жай заттан бір күрделі зат түзілді </td> <td> $2HgO \xrightarrow{t} 2Hg + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі жай зат түзілді </td> <td> $Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ Бір күрделі бір жай зат түзілді </td> </tr> <tr> <td> $2SO_2 + O_2 \rightleftharpoons 2SO_3$ Жай және күрделі заттан бір күрделі зат түзілді </td> <td> $2KNO_3 \xrightarrow{t} 2KNO_2 + O_2 \uparrow$ Бір жай заттан бір күрделі және бір жай зат түзілді </td> <td> $CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ Бірнеше күрделі зат түзілді </td> </tr> <tr> <td> $SO_3 + H_2O = H_2SO_4$ Екі күрделі заттан бір жай зат түзілді </td> <td> $2KMnO_4 \xrightarrow{t} K_2MnO_4 + MnO_2 + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі күрделі және бір жай зат түзілді </td> <td> $2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ Бір жай және күрделі зат түзілді </td> </tr> <tr> <td> $4NO_2 + O_2 + 2H_2O = 4HNO_3$ Бірнеше күрделі және жай заттан бір күрделі зат түзілді </td> <td> $CH_3-CH_3 \xrightarrow{Ni,t} CH_2=CH_2 + H_2$ Бір күрделі заттан бір күрделі және бір жай зат </td> <td> $Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$ Бір жай және күрделі зат түзілді </td> </tr> </tbody> </table>	Қосылу реакциялары	Айырылу реакциялары	Орын басу реакциялары	$S + O_2 = SO_2$ Екі жай заттан бір күрделі зат түзілді	$2HgO \xrightarrow{t} 2Hg + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі жай зат түзілді	$Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ Бір күрделі бір жай зат түзілді	$2SO_2 + O_2 \rightleftharpoons 2SO_3$ Жай және күрделі заттан бір күрделі зат түзілді	$2KNO_3 \xrightarrow{t} 2KNO_2 + O_2 \uparrow$ Бір жай заттан бір күрделі және бір жай зат түзілді	$CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ Бірнеше күрделі зат түзілді	$SO_3 + H_2O = H_2SO_4$ Екі күрделі заттан бір жай зат түзілді	$2KMnO_4 \xrightarrow{t} K_2MnO_4 + MnO_2 + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі күрделі және бір жай зат түзілді	$2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ Бір жай және күрделі зат түзілді	$4NO_2 + O_2 + 2H_2O = 4HNO_3$ Бірнеше күрделі және жай заттан бір күрделі зат түзілді	$CH_3-CH_3 \xrightarrow{Ni,t} CH_2=CH_2 + H_2$ Бір күрделі заттан бір күрделі және бір жай зат	$Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$ Бір жай және күрделі зат түзілді
	Қосылу реакциялары	Айырылу реакциялары	Орын басу реакциялары													
	$S + O_2 = SO_2$ Екі жай заттан бір күрделі зат түзілді	$2HgO \xrightarrow{t} 2Hg + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі жай зат түзілді	$Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ Бір күрделі бір жай зат түзілді													
	$2SO_2 + O_2 \rightleftharpoons 2SO_3$ Жай және күрделі заттан бір күрделі зат түзілді	$2KNO_3 \xrightarrow{t} 2KNO_2 + O_2 \uparrow$ Бір жай заттан бір күрделі және бір жай зат түзілді	$CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ Бірнеше күрделі зат түзілді													
	$SO_3 + H_2O = H_2SO_4$ Екі күрделі заттан бір жай зат түзілді	$2KMnO_4 \xrightarrow{t} K_2MnO_4 + MnO_2 + O_2 \uparrow$ Бір күрделі заттан екі күрделі және бір жай зат түзілді	$2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ Бір жай және күрделі зат түзілді													
$4NO_2 + O_2 + 2H_2O = 4HNO_3$ Бірнеше күрделі және жай заттан бір күрделі зат түзілді	$CH_3-CH_3 \xrightarrow{Ni,t} CH_2=CH_2 + H_2$ Бір күрделі заттан бір күрделі және бір жай зат	$Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$ Бір жай және күрделі зат түзілді														
<p>Жауабы: Себебі, бұл реакциялар заттардың құрамы өзгеру арқылы жүреді.</p>																
<p>2-тапсырма. $CH_4 + O_2 = CO_2 + 2H_2O + 892 \text{ кДж}$ Термохимиялық теңдеуі бойынша 178 кДж энергия алу үшін метанның қанша массасын жағу керек екенін есептеңдер. Реакция теңдеуін жазып, түсіндіріңдер. Жылу эффектісі бойынша қай реакция типіне жатады?</p>																
<p>Шешуі: $M(CH_4) = 16 \text{ г/моль}$ $m(CH_4) = ?$ 1 моль CH_4 - 892 кДж x моль CH_4 - 178 кДж $v(CH_4) = \frac{1 \text{ моль} \cdot 178 \text{ кДж}}{892 \text{ кДж}} = 0,2 \text{ моль}$ $m(CH_4) = v(CH_4) \cdot M(CH_4) = 0,2 \text{ моль} \cdot 16 \text{ г/моль} = 3,2 \text{ г}$ </p>																
<p>Жауабы: $m(CH_4) = 3,2 \text{ г}$. Жылу бөле жүретін реакцияларды ($Q > 0$; $\Delta H < 0$) экзотермиялық, ал жылу сіңіре жүретін реакцияларды эндотермиялық ($Q < 0$; $\Delta H > 0$) деп жіктейді. Қарастырып отырған мысал, экзотермиялық, реакцияға жатады.</p>																
<p>3б-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқсастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. II кезеңде Венн диаграммасы арқылы орындалған тапсырманы кесте түрінде беріп, баланың білімін тексеруге болады.</p>	<p>3-тапсырма. Бейорганикалық және органикалық химиядағы орын басу реакцияларын саластыр.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%;">Бейорганикалық химиядағы орын басу реакциясы</th> <th style="width: 50%;">Органикалық химиядағы орын басу реакциясы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> а) сілтілік және сілтілік жер металдардың сумен әрекеттесуі: $2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ б) ерітіндіде металдардың қышқылдармен әрекеттесуі: $Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ с) ерітіндіде металдардың тұздармен әрекеттесуі: $Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$ </td> <td> а) $CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ хлорметан б) $CH_3Cl + Cl_2 \rightarrow CH_2Cl_2 + HCl$ ди хлорметан в) $CH_2Cl_2 + Cl_2 \rightarrow CHCl_3 + HCl$ три хлорметан г) $CHCl_3 + Cl_2 \rightarrow CCl_4 + HCl$ тетрахлорметан </td> </tr> </tbody> </table> <p style="text-align: center;">Органикалық химиядағы екі күрделі зат арасында болатын орын басу реакциясы, бензолды нитрлеу</p> $C_6H_6 + HNO_3 \xrightarrow{H_2SO_4, t} C_6H_5NO_2 + H_2O$	Бейорганикалық химиядағы орын басу реакциясы	Органикалық химиядағы орын басу реакциясы	а) сілтілік және сілтілік жер металдардың сумен әрекеттесуі: $2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ б) ерітіндіде металдардың қышқылдармен әрекеттесуі: $Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ с) ерітіндіде металдардың тұздармен әрекеттесуі: $Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$	а) $CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ хлорметан б) $CH_3Cl + Cl_2 \rightarrow CH_2Cl_2 + HCl$ ди хлорметан в) $CH_2Cl_2 + Cl_2 \rightarrow CHCl_3 + HCl$ три хлорметан г) $CHCl_3 + Cl_2 \rightarrow CCl_4 + HCl$ тетрахлорметан											
	Бейорганикалық химиядағы орын басу реакциясы	Органикалық химиядағы орын басу реакциясы														
	а) сілтілік және сілтілік жер металдардың сумен әрекеттесуі: $2Na + 2H_2O = 2NaOH + H_2 \uparrow$ б) ерітіндіде металдардың қышқылдармен әрекеттесуі: $Zn + 2HCl = ZnCl_2 + H_2 \uparrow$ с) ерітіндіде металдардың тұздармен әрекеттесуі: $Fe + CuSO_4 = FeSO_4 + Cu$	а) $CH_4 + Cl_2 \rightarrow CH_3Cl + HCl$ хлорметан б) $CH_3Cl + Cl_2 \rightarrow CH_2Cl_2 + HCl$ ди хлорметан в) $CH_2Cl_2 + Cl_2 \rightarrow CHCl_3 + HCl$ три хлорметан г) $CHCl_3 + Cl_2 \rightarrow CCl_4 + HCl$ тетрахлорметан														

	<p>4. Тақырыптың басты идеясы неде?</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Орын басу реакцияларының ұқсастығы: жай зат <i>атомдары</i> күрделі заттағы қайсы бір элементтің <i>атомын</i> алмастыратын реакциялар. ➤ Орын басу реакцияларының ұқсастығы: бензолды нитрлеу реакциясы сырт қарағанда <i>алмасу</i> реакциясына болып көрінеді. ➤ Орын басу реакцияларының ерекшелігі: органикалық химия <i>жай</i> заттарды емес, олардың <i>қосылыстарын</i> зерттейтіндіктен орын басу реакциялары қаныққан қосылыстардың өздеріне тән қасиеттері бойынша жүреді. ➤ Орын басу реакцияларының ерекшелігі: бензолды нитрлеу реакцияның орын басу екендігі тек мұның <i>механизмін</i> қарастырғаннан кейін ғана түсінікті болады. <p>Орын басу реакцияларының ерекшелігі: Органикалық заттардың орын басу реакциялар кезінде бейорганикалық химиядағыдай <i>жай</i> және <i>күрделі</i> зат емес, екі <i>күрделі</i> зат пайда болады.</p>
<p>4-қадам: практика жүзінде «Қолдану. II-кезеңдегі қарапайым тапсырмаларының өзгертілген жағдайдағы нұсқалары орындалады.</p>	<p>4-тапсырма.</p> <p>1) Электрофильді реагенттер дегеніміз не? Жауабы: Электрофильді реагенттер деп – <i>электронакцепторлы</i> қасиеті бар, байланыс түзу үшін <i>молекуладан</i> (немесе ионнан) электрон жұбын <i>қосып</i> алатын бөлшектерді айтады. Оларға бос орбитальдары бар катиондар(H^+) және (BF_3) бейтарап қосылыстар жатады. Электрофильді орын басу реакциясы көбіне ароматты көмірсутектерде кездеседі.</p> <p>2) Нуклеофильді реагенттер дегеніміз не? Жауабы: Нуклеофильді реагенттер деп – <i>электродонорлы</i> қасиеті бар, өзінің <i>бөліспеген</i> электрон жұбын байланыс түзуге <i>беретін</i> бөлшектерді айтады. Оларға бөліспеген электрон жұптары бар аниондар ($:OH$, $:Cl$) және бөліспеген электрон жұптары бар бейтарап қосылыстар ($:NH_3$) да жатады.</p>
<p style="text-align: center;">2- аралық нәтиже:</p> <p>Екінші деңгейде қалыптасқан күзиреттілік деңгейдің сапалық өлшемі (екінші аралық өлшемі): – студенттің бірінші деңгейдегі «дұрыстылық» пен «толықтылдық» деп аталатын білім сапасының түрлеріне «тереңділік» пен «әрекеттілік» сияқты түрлері қосылады. Білім, біліктілік сапасының сандық өлшемі – алғашқы жинаған елу баллға + 30 балл = 80 балл = «4», яғни «жақсы» деген баға журналға қойылады, егер студент келесі деңгейді меңгере алмаса.</p>	
<p style="text-align: center;">III деңгей: (80 балл + 20 балл = 100 балл)</p>	
<p>5-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады. II-кезең, 4-қадамда «жинақтауға» берілген тапсырма басқа формада беріліп, баланың білім деңгейі бағаланады.</p>	<p>1-тапсырма. Органикалық химиядағы қосып алу реакцияларына мысалдан келтір. Жауабы:</p> <p>а) Гидрлену реакциясы – <i>сутекті</i> қосып алу: $CH_3-CH=CH_2 + H_2 \xrightarrow{Ni,t} CH_3-CH_2-CH_2-CH_3$ <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%;"> пропен пропан </div> </p> <p>б) Гидратациялану реакциясы – <i>суды</i> қосып алу: $CH_3-CH=CH_2 + HON \xrightarrow{t} C_3H_7OH$ <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%;"> пропен пропонолол </div> </p> <p>с) <i>Полимерлену</i> реакциясы: $nCH_2=CH_2 \xrightarrow{P,t} (-CH_2-CH_2-)_n$ <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%;"> этилен полиэтилен </div> </p> <p>2-тапсырма. Органикалық химиядағы тотығу-тотықсыздану реакцияларына мысал келтір. Жауабы:</p> <p>1) Этанальдің сәйкес спирттерге дейін тотықсыздануы: $CH_3\overset{+1}{C}\overset{0}{O}H + H_2 = CH_3\overset{-1}{C}\overset{+1}{O}H$ <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%;"> этаналь этанол </div> </p> <p>2) Этанальдің сәйкес сәйкес қышқылдарға дейін тотығуы: $CH_3\overset{+1}{C}\overset{0}{O}H + Ag_2O = CH_3\overset{+3}{C}\overset{+1}{O}OH + 2Ag \downarrow$ <div style="display: flex; justify-content: space-around; width: 100%;"> сірке альдегиді сірке қышқылы </div> </p>

<p>6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? деген тапсырмаларды орындату арқылы студенттің жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін (практикасы бойынша) өмірдегі жағдаяттарды шешуге қолдана алу дәрежесі бағаланады.</p>	<p>3-тапсырма. Сен қалай ойлайсың? Органикалық химиядағы орын басу реакциялары алмасу реакциясына ұқсайды, бірақ бұл реакцияның орын басу екендігін дәлелдеуге бола ма? Жауабы: Дәлелдеуге болады, тек мұның механизмін қарастырғаннан кейін ғана түсінікті болады, мысалы: Екі күрделі зат арасында болатын бензолды нитрлеу реакциясы:</p> $\text{C}_6\text{H}_6 + \text{HNO}_3 \rightarrow \text{C}_6\text{H}_5\text{NO}_2 + \text{H}_2\text{O}$ <p style="text-align: center;">бензол нитробензол</p> <p>Расында да, сырт қарағанда алмасу реакциясына ұқсайды. Ракцияның орын басу екендігін дәлелдеу үшін механизмін қарастырайық.</p>  <p style="text-align: center;">Ракцияның механизмін қарастыратын болсақ, аралық өнім – π комплекс түзіліп, артынша – δ комплекске айналады. – δ комплекстегі бензол сақинасындағы сутек атомының орнына $-\text{NO}_2$ нитротоп орналасып, соңғы өнім нитробензол түзіледі. Органикалық химиядағы нитробензолдың түзілуі сырт қарағанда алмасу реакциясына ұқсас болғанымен реакцияның жүру механизмін талдау барысында, оның орын басу екендігі дәлелденді [5, 6].</p>
<p style="text-align: center;">3-нәтиже:</p> <p>Үшінші деңгейдің нәтижесі (түбегейлі көзделген нәтиже): алғашқы екі деңгейде жинаған 80 баллға + 20 балл = 100 балл = «5» журналға қойылады. Студенттің білім сапасы білім стандарты көлемінде «дұрыс», «толық», «әрекеттілік» пен «тереңділік»-ке «жүйелілік» пен «саналылық» қосылып, барлығының жиынтығы «берік» білім болып саналады (Ю.К. Бабанский).</p>	
<p style="text-align: center;">IV деңгей (100 балл)</p> <p>4-ші деңгейдің тапсырмалары студенттерден зерттеу әдістерін пайдаланып, білімдерін қалыптан тыс (стандарттан жоғары) шығармашылық жағдайында қолдана білуін талап етеді (олимпиадалық тапсырмалар, реферат жазу, ғылыми жобалар қорғау, т.б.). Олар стандарттан жоғары болғандықтан өзінше 100-балдық жүйемен ерекше бағаланады. Бұл жағдайда студент оқытушының көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айнала бастайды деп табылады.</p>	
